

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы**

**ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ
(СӨЗ ТАПТАРЫ)**

Аймуханова А.А., Үрістенбекова Г.К.

Ақтау - 2009

Практикалық қазақ тілінен жаттығулар жинағы (сөз таптары). Әдістемелік-көмекші құрал. Құрастырған: А.А.Аймуханова, Г.К.Үрістенбекова. Ақтау, 2009. 48 бет.

Қазақ тілін үйренуге септігі тиетін бұл әдістемелік құрал әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау, мәтіндерді аудару, өз бетімен сөйлем құрастыру, мақал-мәтелдермен жұмыс жасау, сөздіктерді пайдалана білуге үйрету негізінде құрастырылды.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқитын бастауыш топ студенттеріне қазақ тілін оқытуға, үйретуге арналып жазылған.

Әдістемелік құрал оқытушыларға, студенттерге және барлық тіл үйренушілерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
доценті, ф.ғ.к. Ә.Д.Қабылов
Маңғыстау «Болашақ» институтының
доценті, ф.ғ.к. Б.Қ.Ақбердиева

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғам дамуындағы болып жатқан оң өзгерістер мен сандаған жаңалықтар тілдің қарым-қатынас жасауда аса маңыздылығын, өміршеңдігін танытып отырғандығы аян. Сондықтан да, қазақ тілін мамандыққа қатысты қарым-қатынас, байланыс жүйесімен оқыту – тіл үйретудің бірден-бір жетілген әдістемелік негізі болып табылмақ. Ғылым мен әдістемелік саласындағы соңғы жетістіктерге сүйене отырып, жоғары оқу орындарында қазақ тілі саналы меңгертіліп, оны тәжірибе жүзінде шығармашылықпен пайдаланып, іске асырылуы тиіс.

Ұсынылып отырған еңбек «Практикалық қазақ тілі» пәні оқытылатын орыс бөлімдеріне арналған.

Бұл әдістемелік көмекші құралда қазақ тілінің морфология, соның ішінде сөз таптары саласы бойынша жаттығулар жинағы топтастырылған.

Әрбір жекелеген тапсырмалар соңында халқымыздың ауыз әдебиетінің аса бай қазынасының бірі болып саналатын мақал-мәтелдер де студент ізденуіне беріліп отыр. Мақал-мәтелді қолданып отыру дағдысын қалыптастыру, тақырып бойынша әңгіме құрастыру, шығармалар жаздыру арқылы тіл дамыту, өлеңдер жаттату, өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айтқызу, мәнерлеп оқыту, сөздердің толық мағынасын жете түсіну, сөздерге морфологиялық талдауды сауатты меңгерту мақсаты көзделген.

Кейбір жекеленген тақырыптардың мазмұнына байланысты сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар, студенттердің өз ойларын жинақтап, сөйлем құрастыра білу, тұтас мәтіндерге аударма жұмыстарын жүргізу де ескерілген.

Әдістемелік көмекші құралда қамтылған тапсырмалар қазақ тілін тез үйренуге, ауызекі сөйлесу тілін меңгеруге, есте сақтауға арналған.

Демек, ұсынылып отырған еңбек оқытушыларға да, студенттерге де көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

МОРФОЛОГИЯ: СӨЗ ТАПТАРЫ.

§ 1. Сөз таптарына сипаттама. Зат есім.

Сөздердің лексика-грамматикалық мағыналарына қарай саралануын сөз таптары дейміз. Қазақ тіліндегі сөз таптарының саны тоғыз: Зат есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік. Үстеу. Шылау сөздер. Одағай. Еліктеу сөздер. **Зат есім** – заттың атын білдіріп, кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

<i>Түрлері</i>		<i>Мысалдар</i>
<i>I. Тұлғасына қарай</i>	<i>Негізгі</i>	<i>Ата, әже, әке, ана, бала</i>
	<i>Туынды</i>	<i>Оқушы, кітапхана, білім</i>
<i>II. Құрамына қарай</i>	<i>Дара</i>	<i>Қала, бала, күн</i>
	<i>Күрделі: 1. біріккен</i>	<i>Ақтау, бүгін</i>
	<i>2. қосарланған</i>	<i>Азық-түлік, бала-шаға</i>
	<i>3. тіркескен</i>	<i>Күн тәртібі, сары май</i>
<i>4. қысқарған</i>	<i>АҚШ, БҰҰ, КМТжИУ</i>	
<i>III. Мағынасына қарай</i>	<i>Жалпы</i>	<i>Мемлекет, теңіз, адам</i>
	<i>Жалқы</i>	<i>Қазақстан, Каспий, Әли</i>
	<i>Деректі</i>	<i>Гүл, кітап, үй, мысық</i>
	<i>Дерексіз</i>	<i>Арман, ой, намыс</i>

№1 жаттығу. Мәтін ішінен зат есімдерді тауып, астын сыз. Жалқы зат есімдерді көрсет. Мәтінді аудар.

Халыққа үлгі болған Мұхамед Әбу Насыр әл-Фараби.

Әбу Насыр әл-Фараби – дүние жүзіне әйгілі ұлы ғалым. Әбу Насыр әл-Фараби орта ғасырда қазақтың ежелгі қаласы Отырарда дүниеге келген. Туған жері – Отырарды арабтар Фараб деп атаған, осыдан ол Әбу Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Бұл қаланың орны қазіргі Шәуілдір ауданы, Шымкент облысында. Отырар өз кезінде ірі мәдени-сауда орталығы болған. Ал Отырардағы кітапхана XI-XII ғасырларда өзінің кітап қоры жағынан дүние жүзіне әйгілі кітапханалар қатарында болған. Отырар медресесінде дәріс алып, ондағы аса бай кітапханадағы қолжазбаларды оқып меңгерді. Әбу Насыр әл-Фараби білімін тереңдету үшін сол кездегі білім орталықтары саналатын Бағдад, Дамаскі (Шам), Каирде болған. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты толықтырып, өзінің ақылының, алғырлығы мен асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай ірі ғалымдардың арасында үлкен абырой-беделге ие болған. Ғалымдардың зерттеу бойынша, Әбу Насыр әл-Фараби 150-200-ден астам ғылыми еңбек жазған. Оның ішінде «Музыканың ұлы кітабы», «Ғалымдардың шығуы», «Әлеуметтік-этникалық трактаттары», «Философиялық трактаттары» т.б. еңбектері әлемге әйгілі, ғылымның дамуына жол ашты. Замандастары мен шәкірттері оны «екінші Аристотель», «екінші ұстаз» деп атаған. Ғұлама 950 жылы 80 жасында Дамаскіде дүние салған.

Әбу Насыр әл-Фарабидің қолжазбалары дүние жүзінің көп кітапханаларына тарап кеткен және ол жерлерде сақтаулы тұр. Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық университеті Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталады. Университет алдында оған орнатылған ескерткіш бар. Алматыдағы әсем көшелердің бірі де ғұлама ғалым есімімен аталған.

№2 жаттығу. Деректі зат есімдер мен дерексіз зат есімдерді бөлек жаз.

Абырой, ағартушы, адалдық, адамгершілік, адам, ажал, азамат, азаматтық, азап, азаттық, ай, аққу, ақыл, ақымақшылық, аман-саулық, аңшы, арыз, әке-шеше, бағбан, байлық, бақыт, бала-шаға, балалық, батыр, батырлық, бауырсақ, бедел, белбеу, ғарышкер, ғашықтық, даналық, дана, дастан, егемендік, егін, жалын, жауапкершілік, жоқшылық, жолдас, зергер, илан, кеңес, кеңсе, кешірім, қайғы, қуаныш, қойшы, құдағай, мақсат, мақпал.

№3 жаттығу. Берілген сөздерден -шы/-ші, -ғар/-гер, -қар/-кер жұрнақтары арқылы зат есімдер жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: зерттеу (исследование) + ші = зерттеуші (исследователь). Шығысты зерттеуші әйгілі ғалым Е.И.Ковалевский Шоқанды «Асқан данышпан жас жігіт, тамаша ғалым» деп атады.

ғарыш (космос) + кер = ғарышкер (космонавт). Қазақтың тұңғыш ғарышкері – Тоқтар Әубәкіров.

Зерттеу, мүсін, сәулет, тіл, есеп, жүргізу, аударма, хат, әдебиет, сын, тарих, теңіз, орман, мұнай, домбыра, қобыз, өтірік.

Ғарыш, жауын, тәлім, зер, дәрі, заң, бал, қызмет, талап, саясат, мұра, жауап.

№4 жаттығу. -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары арқылы зат есімдер жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: сөз (слово) + дік = сөздік (словарь). Қазақ тілі сабағында біз әрқашан сөздікті пайдаланамыз.

Сөз, оқу, күнде, тыныш, бала, дос, туыс, жаман, жақсы, ерке, өкіл, терең, дайын, тұз, түн.

№5 жаттығу. -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес жұрнақтары арқылы зат есімдер жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: курс (курс) + тас = курстас (однокурстник). Менің курстастарымның арасында әртүрлі ұлт өкілдері бар.

Курс, топ, одақ, қонақ, тілек, заман, жол, жұмыс, қызмет, ат, жер.

№6 жаттығу. Мақал-мәтелдердің ішінен туынды зат есімдерді тауып көрсет, олардың жасалу жолдарын түсіндір.

1. Бірлік болмай, тірлік болмас. 2. Бірлік, ынтымақ – байлық бақ. 3. Қойшыны таяғы асырайды, қасқырды аяғы асырайды. 4. Қолы қимылдаған адамға кедейлік жоқ. Аяғы қимылдаған адамға алыстық жоқ. 5. Қызметте туыстық болмайды.

№7 жаттығу. Туынды зат есімдерді көрсет, жасалу жолдарын түсіндір.

1. Жарысқан қыз-бозбаланы көргенде қойшы Әлжан да бір жасап қалды. 2. Амантай деген басшы адамымыз бар еді. 3. Ол жалғыз Бурабай көлеміндегі қалаға сырнайшы атанған. 4. Олар мал өсіруші, май жасаушы, түбіттен шәлі тоқушы кәсіпшілігімен айналысатын. 5. Ол екеуінің достық пен туысқандығы, құрбылығы қосылып, заң жүзінде ең бір тәтті, ыстық жақындар болатын. 6. Теңгелі жерде теңдік жоқ. 7. Түлкінің қызылдығы өзіне сор. 8. Түстік өмірің болса, кештік мал жи. 9. Ол сөз алып, мінбеге шықты. 10. Кісі аттары жазылған тізім ұзақ оқылды.

№8 жаттығу. Күрделі зат есімдерді жасалу тәсіліне қарай мына кестеге жаз.

Біріккен	Қосарланған	Тіркескен	Қысқарған
Асқазан, ...	Ата-ана, ...	Бас киім, ...	АҚШ, ...

Ата-ана, әке-шеше, бала-шаға, азық-түлік, қыз-келіншек, жеміс-жидек, асқазан, бас киім, аяқ киім, іш киім, сырт киім, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, баспасөз, оңтүстік, солтүстік, ыдыс-аяқ, аяқ-табақ, көзқарас, қолхат, қолжазба, көкөніс, аты-жөні, қолшатыр, телекөгермен, қонақ үй, мерейтой, мұражай, отбасы, пікір-талас, өнертапқыш, автотұрақ, балабақша, Талдықорған, Қызылорда, Ыстықкөл, Көктөбе, Алмагүл, АҚШ, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, БҰҰ, ТМД, Қазмұнайгаз, «ММГ» АҚ, Казтрансойл.

№9 жаттығу. Күрделі зат есімдердің жасалу жолдарын түсіндір.

- 1) Оқу жасына жетпей-ақ баланы ата-анасы, аға-інісі, апа-қарындастарынан басқа адамдармен сөйлескенде «сіз» деп айтуға дағдыландыру керек.
- 2) Жұлдыз жусап аспанда,
Күзетте тұр «Жетіқарақшы».
Қорған болып Отанға,
Шегарада тұр сақшы.
- 3) Ауыр МАЗ-дар қант плантациясынан зауытқа қант құрақтарын, шикізатты тасымалдайды.

№10 жаттығу. Төмендегі мемлекеттік үкімет пен басқару ұжымдарының, қоғамдық ұйымдарының, кәсіпорындар мен мекемелердің, лауазымдар мен атақтардың қазақша атаулары мен олардың жазылуына көңіл аудар. 5-6 атауға газет-журналдардан мысал келтір.

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, Маңғыстау облыстық әкімшілігі, Түпқараған аудандық әкімшілігі, Ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту жөніндегі комиссия, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы, Қарулы Күштер, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының халық әртісі.

№11 жаттығу. Әр ел адамдары аты-жөнінің жазылуына көңіл аудар. Оларға газет-журналдардан, көркем әдебиеттерден мысал келтір.

- 1) Араб, түрік және де басқа шығыс фамилиялардағы «ибн» шылауы әкесінің атын білдіреді және бас әріппен жазылады. Мысалы: Ибн Сина, Ибн Мұстафа, Ибн әл-Фарид т.б.
- 2) Туыстық қатынастарды, әлеуметтік жағдайды білдіретін түркі және араб халқы есімдері «оғлы», «зада», «заде», «бей», «паша», «әл», «бек», «зұл», «шах», «хан» бөлшектері кіші әріппен дефис арқылы жазылады. Мысалы: Тұрсын-заде, Ильяс-паша, әл-Бируни, Омар-бей т.б.
- 3) Қазақ аты-жөніндегі әкесінің атын білдіретін «ұлы», «қызы» сөздері бірге жазылады. Мысалы: Бауыржан Момышұлы, Сара Алпысқызы т.б.

§ 2. Көмекші есімдер.

***Көмекші есімдер** – лексикалық мағынасынан айрылған, зат есімге тіркесіп, оның мағынасын толықтыратын сөздер. Олар көп емес: алды, арты, асты, үсті, жаны, қасы, арасы, ортасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, түбі, төбесі, тұсы, маңы. Көмекші есімдер сөйлемде ілік септік жалғаулы зат есімдермен тіркеседі. Мысалы: есіктің алды, үйдің арты, үстелдің асты. Сөйлемде зат есімге жалғанатын септік жалғаулары көмекші есімдерге жалғанады. Мысалы: есіктің алдында, үйдің артынан, үстелдің астымен. Көмекші есімдер өзі тіркескен зат есім құрамында онымен бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады.*

№1 жаттығу. Берілген сөйлемдерден көмекші есімдерді тауып көрсет.

1. Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықты ішінде. 2. Қарағайдың түбіне күн сәулесі түспейді. 3. Жер астынан

жік шықты, екі құлағы тік шықты. 4. Сыртын көріп, ішінен түңілме. 5. Сырттан аяз, іштен жалын шарпиды. 6. Құдық басында, кешкі ауыл сыртында, от басында әр кезде Абай сөздерін бұларға оқытып отырып тыңдайтын Дәркенбай, көп кәрі-жас бар.

№2 жаттығу. «Іші» көмекші есімнің қай септікте тұрғанын ажырат.

1. Ол үй ішін жинады. 2. Үй іші жым-жырт еді. 3. Үй ішінің сөзі тыйылды. 4. Оның үй ішінде ол жақын. 5. Ол үй ішімен қонаққа келді. 6. Үй ішінен шаң-шұң дауыс шықты.

№3 жаттығу. Мәтінді аударып, оған ат қой. Көмекші есімдерді тауып, көрсет.

В центре города Актау есть парк «Акбота». Внутри парка много деревьев. Под деревьями и возле них находятся скамейки. Возле скамеек есть клумбы с цветами. В центре парка есть карусели. Перед каруселями есть кассы, в которых продают билеты. Напротив касс находятся магазины, в которых продают мороженое, булочки и соки. Рядом с парком находится море. Под морем песок. По выходным дням возле моря и внутри парка бывает много людей. Рядом со взрослыми людьми ходят дети.

Сөздік: парк – саябақ, скамейка – орындық, отырғыш, клумба – гүлзар, мороженое – балмұздақ, булочка – тоқаш, сок – шырын.

№4 жаттығу. Жақшадағы сөздерді аударып жаз.

1. Ыдыс-аяқ серванттың (внутри) тұр. 2. Диванның (возле) екі кресло тұр. 3. Терезенің (перед, на) гүлдер тұр. 4. Кереуеттің (под) мысық жатыр. 5. Біздің үйдің (возле) балабақша бар. 6. Үйдің (внутри) жина. 7. Мен базардың (около) тұрамын. 8. Автобус Актау мен Жаңаөзеннің (между) қатынайды. 9. Мектеп стадионға (напротив) орналасқан. 10. Мектептің (за) спорт алаңы бар.

§ 3. Сын есім. Сын есімнің шырайлары.

Сын есім – заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіретін, қандай? қай? сұрақтарына жауап беретін сөз табы.

Шырай – заттың сындық сапасының белгілі бір заттың сындық сапасынан артық не кем екендігін білдіретін сын есімнің белгісі. Қазақ тілінде шырайдың 4 түрі бар.

<i>Шырайдың түрі</i>	<i>Жай шырай</i>	<i>Салыстырмалы шырай</i>	<i>Күшейтпелі шырай</i>	<i>Асырмалы шырай</i>
<i>Анықтамасы</i>	<i>Заттың жай белгісін, түрін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, иісін, дәмін т.б. көрсететін белгі.</i>	<i>Біркелкі сынның, сапаның бір-бірінен артық не кем екенін көрсететін сын есімнің түрі.</i>	<i>Заттың бастапқы жай белгісін, сапасын, көлемін, аумағын, дәмін, иісін т.б. қасиеттерін күшейте түсетін сын есімнің түрі.</i>	<i>Заттың сындық белгісін я тіпті асыра, я тіпті төмендете көрсететін сын есімнің түрі.</i>
<i>Жасалу жолдары</i>	-	<i>-рақ/-рек, -ырақ/-ірек, -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу, -ғыл/-қыл, -ғылт/-қылт, -ғыш, -ілдір, -шыл/-шіл, -аң/-ең, -ша/-ше жұрнақтары арқылы.</i>	<i>Күшейтпелі буын арқылы жасалады. Ал ол буын сын есімнің алғашқы дауысты дыбысынан кейін «п» дыбысы қосылып жасалады</i>	<i>Ең, аса, өте, тым, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, кілең, орасан, тамаша, тәрізді сияқты күшейткіш үстеулер көмегімен жасалады.</i>
<i>Мысалы</i>	<i>әдемі</i>	<i>әдемілеу</i>	<i>ап-әдемі</i>	<i>ең әдемі</i>

№1 жаттығу. Үлгіні пайдалана отырып, берілген зат атауларына байланысты сын есімдер тауып, сөз тіркестерін жаса.

Үлгі: Кең дала, дарқан дала, сары дала, жазық дала, ...
Дала. Аспан. Тау. Теңіз. Ауыл. Орман. Өзен. Қала. Жаңбыр.

№2 жаттығу. Үлгіні пайдалана отырып, төмендегі сын есімдерді мағыналық жағынан байланысатын зат есімдермен тіркестіріп жаз.

Үлгі: Салқын су, салқын ауа, салқын түн, салқын күз, салқын бөлме, ...
Бістық. Терең, тайыз, ауыр, жеңіл, ұзын, қысқы, қатты, жұмсақ, әдемі, ақ.

№3 жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді жаз. Мәтінді аудар.

«Айжан қыз»

Қиын да қысталаң шақта өмір сүрген Құрманғазының әр күйі өмірдің аш өзегін жарып шыққандай ... шындықты жайып салады. Алдында, көп күйлердің қай-қайсысын алсаң да, ... бір тарихы бар дүниелер.

Композитордың сондай ... шығармаларының бірі – «Айжан қыз» күйі.

Ел басқарып, әкімшілік құрып жүрген ... күйші Дәулеткерей шеншекпен беделіне бұрын да назар аудара қоймайтын. Ал, Құрманғазымен танысып-табысқаннан кейін, бірге жүріп, ел аралап, домбыра тартып, өнерге ... көзбен қарайтын болды. Бірде екеуі төңірекке аты ... болған күйші қыз Айжан ауылына келеді. Әйелдерді шалғайдан тартқан бұл кездің ... тәртібіне қарамастан, ол жиын-тойларға, жұрт жиналатын жерлерге еркін барып, өнер жарыстарына қатысатын. Айжан қыздың бұл қылығын кейбір кертартпа, діндарлар тобы жақтырмағанмен, қалың көп оның өнеріне өріс тілеп, өзін

кадір тұтатын еді. Сондықтан да Айжан қыз келген қонақтарына айрықша қошамет көрсетіп, қуана қарсы алды. Алғашында халық арасына ... тараған ... күйлерді тартқан ол соңынан қолқалаған көп тілегіне орай өз туындыларын да төгілдіреді.

Міне, осы кезде күйші қыздың өнеріне сүйсініп риза болған Құрманғазы қолына домбыра алып, аңыратсын келіп. Ол дүниеге ... келген өз шығармасына күйші қыздың құрметіне ... ат бермек ойда-тұғын. Ал, бұған дейін шабыт шеңберінен шыға алмай, ... отырған Дәулеткерей Құрманғазы шығарған ... күй Айжан қыздың тағдырына ұқсастығын ұғып, оның аты «Айжан қыз» болсын, - деді. Үш күйшінің кездесуіне шығарылған өнер ескерткішіндей «Айжан қыз» күйі дүниеге, міне, осылай келген еді.

(Е.Зікібаев)

Керек сөздер: жақсы, ащы, белгілі, атақты, қатал, өзгеше, әйгілі, лайық, көне, жаңа, кең, үнсіз.

№4 жаттығу. Сын есімдердің мағыналарын айқында, негізгі-туынды сын есімдерді ажырат.

1. Мейірімі мол ананың жүрегі жылы, қолы кең. Кеңпейілді атаның жүзі жылы, жолы кең. 2. Ұрысқақ болса – ұлың жау, керіскек болса – келін жау. 3. Ақылды кісі ісіне сенеді, ақымақ кісі – күшіне сенеді. 4. Ер жігіттің өлгені – ессіз болса алғаны. Әділ бидің өлгені – сөзінің болса жалғаны. 5. Әлсіз адам сүріншек, ақылсыз адам еріншек. 6. Білекті адам бірді жығады, білімді адам мыңды жығады.

№5 жаттығу. Сапалық-қатыстық сын есімдерді екі бағанға бөліп жаз.

Кең, жарық, еріншек, сөзшең, күшті, ыстық, ащы, әлді, өткір, суық, тәтті, жазғы, көтеріңкі, ағаш, темір, әдемі, түлкідей, кешкі, айлы, жомарт, білгіш, жас, ақылды, кәрі, сазды, балалы, иманды, айтқыш, шексіз, биылғы.

№6 жаттығу. Туынды сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құрастыр.

Көрікті, таудай, жерсіз, күзгі, жылдық, өлкелік, күлкішіл, тарихи, мақтаншақ, әдеби, таңдамалы.

№7 жаттығу. Мына өлең шумақтарындағы сапалық сын есімдердің астын – бір, қатыстық сын есімдердің астын – екі сыз.

- | | |
|--|--|
| 1) Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп. | Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі. |
|--|--|

- 2) Көкірегі сезімді, тілі орамды.
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
- 3) Қызыл арай, сары алтын шатырына
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.
- 4) Сұр бұлт түсі суық, қаптайды аспан
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан. (Абай)

№8 жаттығу. Салыстырмалы шырайлы сын есімдерді тауып, қазақшаға аудар.

Мой друг! Что может быть милей
Бесценного родного края?
Там солнце кажется светлей,
Там радостней весна золотая,
Прохладней мягкий ветерок,
Душистее цветы, там холмы зеленее,
Там сладостней поток,
Там соловей поет звучнее.

(Н.Языков)

№9 жаттығу. Берілген сын есімдерден салыстырмалы шырай жаса.

Биік, аласа, толық, арық, терең, тайыз, қалың, жұқа, ыссы, мұздай, кіші.

№10 жаттығу. Берілген сын есімдерден күшейтпелі шырай жаса.

Жасыл, қызыл, ақ, кең, тар, тәтті, тұщы, дәмді, әдемі, сұлу, анық, жарық.

№11 жаттығу. Берілген сын есімдерден асырмалы шырай жаса.

Түзу, қисық, жуас, қатал, жақын, алыс, қымбат, арзан, ыңғайлы, қадірлі.

№12 жаттығу. Сын есімдерді қазақ тіліне аударып, кестені толтыр.
Шырайлардың жасалу жолдарын түсіндір.

	Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай	Асырмалы шырай
Белый	ақ	ақшыл	аппақ	тым ақ
Черный				
Синий				
Хороший				
Плохой				
Чистый				
Грязный				
Большой				
Маленький				
Тяжелый				
Легкий				

№13 жаттығу. Сөйлемдегі сын есімдердің қай шырайда тұрғанын анықта.

1. Ақ көңіл, өте қарапайым адамдар... 2. Жап-жас әйелсіз... 3. Ауа тұп-тұнық, тап-таза, жібектей жұмсақ. 4. Қап-қараңғы, көгілдір үңгір... 5. Саусақтары жұп-жұмсақ, жып-жылы екен. 6. Үлкен көкшіл көзі мөлдіреп, күлімдеп тұр. 7. Тап-таза тұнық ауа, көгілдір аспан, ну орман, сылдырап аққан су... 8. Зағипа құп-қу болып кетті. 9. Өте көкшіл, әрі сезімтал және өр көкіректеу Зағипаға Шолпанның сөзі табанға басқан шоқтай тиді. 10. Оның сүмбідей сұп-сұлу денесі, жай теңселген шолақ көк толқындармен бірде тұтас көміліп, бірде тұтас көрініп, суға қара қоңыр сәуле түсіреді. 11. Хакім оның қуқыл бетіне жүгірген қызыл шырайды көзі шалып, қыздың әлденеден қысылғанын сезді. 12. Екеуі екі түрлі: қыз нәзік те, келіншек сүйріктей жұп-жұмыр; қыз қуқыл өңді, үлкен қоңыр көзді, қыр мұрынды; Шолпан қызыл шырайлы, дөңгелек бетті, өте сүйкімді.

№14 жаттығу. Сөйлемдердегі сын есімдерді мағынасына, тұлғасына, құрамына қарай талда.

1. Салмақпен бетін бұрып, кейін қараған Сарыбасқа Асқардың көзі түссе, көнтек ауыз, домалақ мұрын, тұз көз, бет пернесі татарға ұқсас, шашын «ёжик» қып қырыққан, тапал бойлы, талдырмаш сары жігіт екен. 2. Қара сақалды, қара қалпақты, жүзі суық үлкен кісіге өз аруағын қорғай тіл қатқаны да қызға әйелдің батыл адам екенін байқатты. 3. Қыз: сұңғақ бойлы, талдырмаш, қанаттанып жетпеген қаздың балапанындай сары шашты, кескіні аршыған жұмыртқадай аппақ, көзі тұнық, қара, қылдырықтай қиылған қасы бар, садақтың оғындай тізіліп қайқиған ұзын кірпігі бар. 4. Келін – тамаша адам, ақылды, парасатты және шығыстың әдет-ғұрпын бірде-бір бұлжытпай орындайтын өз ортасының өте көргенді әйелі. – Онда бұл қалай, өте ұяң, жасқаншақ, тіпті келіссіз ұялшақ адам болғаны ма? Әлде жаннан асқан өр көкірек, тәкаппар әйел ме?

№15 жаттығу. Заттанған сын есімдерді көрсет, түсіндір.

1. Сақал-шашының ағы көбейген. 2. Осыны ұққан сайын барлық кәрілерді жанындай жақсы көре бастады. 3. Жастар тегіс телміре қарады. 4. Соқтыққыш жуандар кімге көкірек керсін. 5. Әлсізге тимекші емес. 6. Болып қалды, тынып қалды – деп, қарасын да қараға, ағын да қараға жориды! 7. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер. 8. Жаманға жүзінді салма, малды екен деп, Жақсыдан күдер үзбе, жарлы екен деп. 9. Жақсы болсаң – жақын көп.

§ 4. Сан есім.

Сан есім – белгілі бір заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, неше? қанша? нешінші? нешеу? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

<i>Түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	
<i>I. Құрамына қара</i>	<i>1. Дара</i>	<i>Бір, он, жүз, мың, ...</i>
	<i>2. Күрделі</i>	<i>Он бір, жиырма екі, ...</i>
<i>II. Тұлғасына қарай</i>	<i>1. Негізгі</i>	<i>Бір, бес, жүз, ...</i>
	<i>2. Туынды</i>	<i>Біреу, бесінші, жүздеу, ...</i>
<i>III. Мағынасына қарай</i>	<i>1. Есептік</i>	<i>Бір, екі, үш, ...</i>
	<i>2. Реттік</i>	<i>Бірінші, екінші, үшінші, ...</i>
	<i>3. Жинақтық</i>	<i>Біреу, екеу, үшеу, ...</i>
	<i>4. Топтау</i>	<i>Бір-бірден, екі-екіден, ...</i>
	<i>5. Болжалдық</i>	<i>Он шақты, отыздай, жүздеген, мыңдаған, ...</i>
	<i>6. Бөлшектік</i>	<i>Екіден бір, жеті бүтін оннан бес, ...</i>

№1 жаттығу. Кестені толтыр.

1	Жиырма тоғыз	...
2	...	31
3	Екі мың алты	...
4	...	1974
5	Бір мың тоғыз жүз жетпіс бес	...
6	...	2008
7	Екі жүз отыз жеті мың бір жүз қырық бес	...
8	...	149.362
9	Бес миллион үш жүз қырық алты мың тоғыз жүз елу төрт	...
10	...	1.987.654

№2 жаттығу. Үлгі бойынша берілген есептік сан есімдерден реттік, жинақтық (мүмкін болса), топтау, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жаз.

Үлгі: Есептік сан есім: бір, екі, ...
 Реттік сан есім: бірінші, екінші, ...
 Жинақтық сан есім: біреу, екеу, ...
 Топтау сан есім: бір-бірден, екі-екіден, ...
 Болжалдық сан есім: бірер, екеудей, ...

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 10, 21, 23, 30, 31, 35, 100, 150, 1000.

№3 жаттығу. Сан есімдермен сөз тіркес жаса, олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Бірінші курс. Мен бірінші курста оқимын.

Бірінші ..., екінші ..., жеті ..., елудей ..., жиырма шақты ..., жүзге жуық ..., бес-бестен ..., үштен бір

№4 жаттығу. Сан есімдерді тауып, олардың мағынасына қарай түрін анықта.

- 1) Атадан алтау, анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Біреуінің күні жоқ біреусіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек. (Абай)
- 2) Бір түн отырып ел адамдарын төрттен, бестен жиып алып, бір түрлі іс тапсырған. (М.Әуезов)
- 3) Олар екі-үштен қолтықтасып, үйдің ішін шыр көбелек айналып жүр.
(Б.Майлин)
- 4) Алты совхозға келетін тракторлардың ғана саны үш жүздей.
- 5) Сол жолды біз жеті сағаттай жүріппіз. (С.Мұқанов)
- 6) Сәтемір жетілерде атасынан жетім қалған. (Ы.Алтынсарин)
- 7) Судың үштен бірі қалғанда, көлжұтардың ұрты ғана суға толады.
(Қазақ ертегілері)

№5 жаттығу. Сөйлемдерді аудар. Сан есімдерді сөзбен жазып көрсет.

В 1 году 4 периода: зима, весна, лето, осень и 365 или 366 дней. В каждом периоде по 3 месяца. В 1 месяце 30 или 31 день. В феврале 28 или 29 дней. В 1 месяце 4 иногда 5 недель. В 1 неделе 7 дней. В 1 сутках 24 часа. В 1 часе 60 минут. В 1 минуте 60 секунд.

№6 жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Жылдарды оқы, өзіңнің туған жылыңды және оның не жылы екенін айт. Ата-әжеңнің, әке-шешенің, аға-апаңның, іні-қарындасыңның (сіңліңнің) туған жылын ата.

Жыл санау немесе жыл қайыру.

Халық жыл санау дәстүрін он екі жылдан қайырып отырады да, оған жыл басын тышқан, соңын доңыз деп аяқтайды. Жыл аттарына сәйкес аңыздар да шығарған. Жыл қайыру жылды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы. Адам жасын есептегенде, біріншісін 13 жылдан алып, одан кейінгілерін сол алғашқы есептелген санға 12 жылдан қосып есептеп, оны 1 мүшел деп санаған да, адам жасын оңай шығарып ала берген.

Мүшел саны	Жас мөлшері	Мүшел атауы
1	13 жас	Сәби шақ мүшелі
2	25 жас	Ер жету мүшелі
3	37 жас	Жігіттік мүшелі
4	49 жас	Орта жас мүшелі
5	61 жас	Ақсақалдық мүшел
6	73 жас	Қарттық мүшел
7	85 жас	Кәрілік мүшел

Тышқан	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032
Сиыр	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033
Барыс	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034
Қоян	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035
Ұлу	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036
Жылан	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037
Жылқы	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038
Қой	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039
Мешін	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040
Тауық	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041
Ит	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042
Доңыз	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043

№7 жаттығу. Мына сұрақтарға жауап бер.

1) Сенің туған күнің, айың, жылың қашан? 2) Ақтау қаласында қай жылдан бері тұрасың? 3) Мекен-жайың қандай? 4) Сен нешінші мектепте оқыдың? 5) Ол мектепке нешінші жылы бардың? 6) Мектепті нешінші жылы бітірдің? 7) Сен қай университетке оқуға түстің? 8) Ол нешінші шағын ауданда орналасқан? 9) Университетке қай жылы түстің? 10) Университетті қай жылы бітіресің?

№8 жаттығу. Ұлағатты ұлттық ұғымдармен таныс. Оларды есіңе сақта. Мәтін ішіндегі сан есімдерді көрсет.

Киелі сандар.

Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі сандар болып есептеледі. Жеті сөзімен байланысты халқымызда 7 жоқ, 7 күн, 7 жұрт, 7 қазына, 7 жұт, 7 ғалам, 7 қат көк, 7 ғашық сөздері пайда болған. ХҮІ ғасырда өмірге келген Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болу керек.

Тоғыз саны араб елінен дінмен байланысты енген тәрізді. Халқымыздың «Тоғыз ай тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз жолдың торабы» т.б. сөздері тегін шықпаған болу керек.

Он екі саны да – халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша 12 жылға арнайы хайуанаттардың аты берілген. 12 жылды 1 мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. 12 сөзімен байланысты «12 мүшең сау болсын» сөздері де айтылады.

Халқымыздың қасиет тұтатын тағы бір саны – қырық. Нәрестенің өмірге келгеніне 40 күн толып, мойны бекігенде, «қырқынан шығару» ырымы жасалады. Сол сияқты өлген адамның «қырқын беру» дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты «Қырықтың бірі – қыдыр» деп, ерекше құрмет тұтқан. Ел ішінде 7, 9, 12, 40 сандарымен байланысты тағы басқа да сенімдер, ырымдар баршылық.

Ұлағатты ұлттық ұғымдар.

«Үш».

3 қуат: ақыл, жүрек, тіл.

3 асыл: көз, тіл, көңіл.

3 байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық.

3 қуаныш: алғыс алу, өзіңді көптің іздеуі, ісіңнің өшпеуі.

3 жұрт: өз жұрты (ағайыны), нағашы жұрт, қайын жұрт.

3 би: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

3 қат: жоғары қат (аспан), орта қат (жер үсті), төменгі қат (жер асты).

3 дауасыз: мінез, кәрілік, ажал.

3 арсыз: ұйқы, күлкі, тамақ.

«Төрт».

4 тұлға: от, су, жел, жер.

4 құбыла: шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік.

4 маусым: көктем, жаз, күз, қыс.

«Бес».

5 парыз: Құдайдың бірлігі мен Мұхамбеттің пайғамбарлық қасиетін мойындау, намаз оқу, ораза тұту, қайыр садақа беру, қажылыққа бару.

5 асыл: талап, еңбек, ой, қанағат, рақым.

5 дұшпан: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ.

5 қатер: от, жау, борыш, ауру, сөз.

5 өсиет: топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма.

«Алты».

6 игілік: денсаулық, қазына, дос, әйел (жар), білім, бала (ұрпақ).

6 асқар: ақыл, білім, жомарттық, әділдік, шыншылдық, кең пейіл.

6 парыз: Адамдардың бір-біріне деген 6 парызы бар. Олар:

Әдейі барып бір-біріне сәлем беруі,
Арнайы шақырса, міндетті түрде баруы,
Егер кеңес сұраса, ақыл қосуы,
Қойылған сұраққа жауап беруі,
Арудың көңілін сұрауы,
Қайтыс болса, жерлеуге қатысуы.

(Мұхамбет пайғамбар)

«Жеті».

7 ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

7 қазына: ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы (ит).

7 жұт: құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну).

7 керемет: Египет пирамидалары, Олимпиядағы Зевстің мүсіні, Родос алыбы, Семирамида бағы, Диана ғибадатханасы, Карнас мұражайы, Александрия маягі.

7 күн: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі (сәтті күн), бейсенбі, жұма (қасиетті күн), сенбі, жексенбі.

7 ғашық: Ләйлі–Мәжнүн, Зылиқа–Жүсіп, Фархат–Шырын, Таһир–Зухра,
Арзи–Қамбар, Сейфіл Мәлік–Жамал, Бозжігіт–Анул (Қарашаш).

7 жоқ: Жерде өлшеуіш жоқ, Аллада бауыр жоқ,
Аспанда тіреуіш жоқ, Аққуда сүт жоқ,
Таста тамыр жоқ, Жылқыда өт жоқ.
Тасбақада талақ жоқ,

7 жетім: Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз көл жетім,
Жерінен айырылған ер жетім
Замандасы қалмаса –
Бәрінен де сол жетім.

№9 жаттығу. Сөйлемдерді оқып, аудар. «Біреу» сөзінің қай жерде жинақтық сан есім, қай жерде белгісіздік есімдік болып жұмсалатынын анықтап, жаз.

1. Нұрым маған екі кітап бермек: біреуі – экономикадан, екіншісі – тарихтан. 2. Біздің көшеде екі үй тұр: біреуі – үлкен, екіншісі – кішілеу. 3. Сізге біреу телефон соқты. 4. Көше бойымен екі бала келе жатыр: біреуі – Ержан, екіншісі – Нұржан. 5. Біреу есік қағып тұр. Ол кім екен? 6. Гүлайым біреумен сөйлесіп тұр. 7. Абзал хатты біреуден беріп жіберіпті. 8. Мыналар кім? – Біреуі – Есет, екіншісі – Әділет. 9. Сенің небе балаң бар? – Әзір біреу ғана. 10. Сабақта болмаған күннің тапсырмасын курстастарыңнан сұрап ал.

№10 жаттығу. Мына есептерді шығар да, қазақша оқып шық.

18+22=	35-13=	13x3=	63:7=	24: =8	12 15=27
36+35=	63-28=	25x4=	45:5=	39- =4	13 3=39
71+39=	76-47=	31x2=	39:3=	42+ =50	45 15=3
15+45=	58+41=	41x2=	24:4=	24x =48	94 90=4

№11 жаттығу. Сөйлемдерді қазақ тіліне аудар. Ондағы сан есімдердің мағыналық топтардың қайсысына жататынын анықта.

1. Нас в группе пятеро. 2. Спроси у этих двоих. 3. Они втроем собираются отдохнуть на море. 4. Одна из них – Салтанат, вторая – Айдана. 5. Моих книг – семеро. 6. У всех шестерых сегодня нет тетрадей. 7. Сколько у тебя детей? – Четверо. 8. Сколько человек в вашей семье? – Пятеро. 9. Сколько языков ты знаешь? – Трое.

№12 жаттығу. Мәтінге ат қой. Сан есімдерді тауып, оларды құрамына, тұлғасына, мағынасына қарай талда. Осы тақырыпты баяндама жазып, жалғастыр.

Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинаты жанынан 1976 жылы 1 сәуірде Шевченко қаласында жалпы техникалық факультет ашылды. Оның тұңғыш деканы профессор Кеңесбай Табылдиев болды. 1988 жылға дейін кешкі, сырттай оқу нысандарымен 5 мамандық бойынша инженерлер дайындады. 1980 жылы 1 мамандық бойынша күндізгі бөлім ашылды. 1983-1990 жылдары бұл факультеттің күндізгі, кешкі және сырттай бөлімдерінде 16 мамандық бойынша жоғарғы білімді кадрлар даярланды. 1990 жылдың 5 қыркүйегінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 3 қаулысымен жалпы техникалық факультет Қазақ политехникалық институтының Маңғыстау филиалы болып қайта құрылды. Филиалдың директоры болып профессор Е.Бозжанов бекітілді. Оқу процесі 145 профессор-оқытушылар ұжымымен жүзеге асырылды. Оның 15 кафедрасында 4 профессор, 27 доцент, ғылым кандидаттары жұмыс істеді. Олар оқудың барлық түріндегі 2445 студентке дәріс берді.

№13 жаттығу. Курстастарыңмен жұмыс күнің туралы әңгімелес. «Менің жұмыс күнім», «Менің демалыс күнім» тақырыптары бойынша шағын әңгіме жаз.

1. Мен таңертең сағат жетіде тұрамын. Сен ше? 2. Төсегімді жинап, жуынып, жеті жарымда таңертеңгі асымды ішемін. Сен ше? 3. Үйден сегізде шығамын. Сен ше? 4. Сағат сегіз жарымнан бір жарымға дейін сабақта отырамын. 5. Түскі асымды екіге жиырма минут қалғанда ішемін. Сен ше? 6. Кешкі беске дейін оқу залында отырып, сабаққа әзірленемін. Үйге бес жарымда келемін. Сен ше? 7. Кешкі асымды жетіде ішемін. Сен ше? 8. Жеті жарымнан он жарымға дейін мен үй жұмысымен айналысамын, теледидар көремін, кітап оқимын. Сағат он бірде ұйықтаймын. Сен ше?

№14 жаттығу. Асхананың дастархан мәзірімен танысып, қандай тамақ алмақ ойыңның барын айт.

Дастархан мәзірі.

Салқын тағамдар:	«Оливье» салаты	100 гр.	50 тг.
	Қызылша салаты	100 гр.	30 тг.
	Винегрет	100 гр.	40 тг.
	«Мимоза» салаты	100 гр.	40 тг.
Ыстық тағамдар:	Кеспе	1 порция	60 тг.
	Борщ	1 порция	100 тг.
	Лағман	1 порция	100 тг.
	Палау	1 порция	120 тг.
	Манты	1 порция	150 тг.
	Қуырдақ	1 порция	150 тг.

Сүт тағамдары:	Ірімшік	100 гр.	30 тг.
	Қаймақ	100 гр.	30 тг.
	Айран	200 гр.	20 тг.
	Сүт	200 гр.	20 тг.
	Қымыз	200 гр.	30 тг.
Тәтті тағамдар:	Пирожное «Безе»	100 гр.	50 тг.
	«Бисквит» торты	100 гр.	60 тг.
	«Медовый» торты	100 гр.	70 тг.
	«Наполеон» торты	100 гр.	70 тг.
Сусындар:	Алма шырыны	200 гр.	20 тг.
	Шабдалы шырыны	200 гр.	20 тг.
	Кока-кола, спрайт, фанта	200 гр.	20 тг.
	Шай сүтпен	200 гр.	35 тг.
	Шай сүтсіз	200 гр.	30 тг.
	Кофе	200 гр.	30 тг.

№15 жаттығу. Бесбармақтың жасалу әдісін (рецепт) оқып шық. Мәтін ішіндегі сан есімдерді көрсет. Өзің ұнататын тағамның жасалу әдісін жаз.

Бесбармақ.

Құрамы: Қой (жылқы, сиыр) еті – 1,200 кг., картоп – 4-5 дана, жуа – 1 дана, ұн – 400 гр., су – 1-2 кесе, жұмыртқа – 1 дана, тұз – 1 шай қасық, кара бұрыш – 1 шымшым.

Дайындау әдісі: Ет 1,5–2 сағат піседі. Ет қайнап жатқанда, еленген ұнға тұзды су, жұмыртқа қосылып, қамыр иленеді. 30–40 мин. соң қамыр жұқалап (1–1,5 мм) ысылады, содан кейін 8x8 см көлемінде кесіледі. Еттің пісуіне 20–30 минут қалғанда етке картоп салынады. Ет пен картоп піскен соң, қазанға жайма (қамыр) салынады. Тамақты дастарханға берген кезде табаққа алдымен қамырын, оның үстіне ет пен картоп түсіріледі. Ет туралып, үстіне тұздық құйылады. Тұздық жуа, көк жуа, кара бұрыш, тұз, сорпадан дайындалады. Ас дәмді болсын!

§ 5. Есімдік.

Есімдік – есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнынан жүретін сөз табы. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атауын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, олардың орнына қолданылады.

<i>Түрлері</i>		<i>Мысалдар</i>
<i>I. Құрамына қара</i>	<i>1. Дара</i>	<i>Мен, сен, сіз, ол, әне, міне, ...</i>
	<i>2. Күрделі</i>	<i>Қайқайсысы, әлдекім, ...</i>
<i>II. Тұлғасына қарай</i>	<i>1. Негізгі</i>	<i>Кім, осы, қашан, мен, ...</i>
	<i>2. Туынды</i>	<i>Біреу, әрқашан, өзің, ...</i>
<i>III. Мағынасына қарай</i>	<i>1. Жіктеу</i>	<i>мен, сен, сіз, ол, біз, олар ...</i>
	<i>2. Сұрау</i>	<i>Кім, қайда, қашан, неше, ...</i>
	<i>3. Жалпылау</i>	<i>Барлық, күллі, түгел, ...</i>
	<i>4. Болымсыздық</i>	<i>Ешкім, ешқандай, ешқашан, ...</i>
	<i>5. Сілтеу</i>	<i>Бұл, осы, мынау, әнеки, ...</i>
	<i>6. Белгісіздік</i>	<i>Біреу, кейбір, әлдеқашан, ...</i>
	<i>7. Өздік</i>	<i>Өз.</i>

Жіктеу есімдігі – жақтық ұғыммен байланысып келіп, затқа, адамға қатысты болады. Мұнда сөйлеуші жақ – «мен», «біз», тыңдаушы жақ – «сен», «сендер», «сіз», «сіздер», бөгде жақ – «ол», «олар» болып келеді.

Сұрау есімдігі – сұрау мағынасын білдіру үшін жұмсалады.

Жалпылау есімдігі – кем дегенде екі я одан да көп заттар мен құбылыстарды жинақтап айту үшін қолданылады.

Болымсыздық есімдігі – «еш» түбіріне басқа есімдіктер бірігу, қосылу арқылы жасалған есімдіктер жатады.

Сілтеу есімдігі – нұсқау, көрсету сияқты мағынаны білдіріп, қай? қайсы? деген сұрақтарға жауап береді.

Белгісіздік есімдігі – заттар мен құбылыстарды нақты түрде көрсете алмайды, оларды нұсқайды, меңзейді. Белгісіздік есімдігіне «бір», «әр», «әлде» деген үш сөзден жасалған 30-дан аса есімдік жатады.

Өздік есімдігі – оған жалғыз «өз» деген сөз жатады. Бұл есімдік түбір тұлғада басқа сөздермен тіркесіп келіп, иемдену мағынасын білдіреді.

№1 жаттығу. Берілген есімдіктерді қатыстырып, сөйлем құрастырып жаз.

Сен, өзің, анау, сол, әрқашан, кейбіреу, міне, ешқашан, барлық, бұл, сіз, осы, ештеңе, күллі.

№2 жаттығу. Мәтінді қазақ тіліне аударып, есімдіктерді көрсет.

Известный французский писатель Сент-Экзюпери призывал людей поступать так: «Встал поутру, умылся, привел себя в порядок – и сразу же приведи в порядок свою планету». Пусть слова писателя станут нашим девизом. Мы должны не призывать к охране природы, а заботиться о ней. Жители многих городов и сел берегут красоту природы, заботливо ухаживают за деревьями и цветами. Экологически грамотным может быть тот человек, который воспитывает в себе любознательное отношение к природе.

Сөздік: Известный – атақты, призывал – шақырды, приводит в порядок – ретке келтіру, охрана природы – табиғатты қорғау, девиз – ұран, красота природы – табиғат сұлулығы, заботиться – қамқор болу, жители – тұрғындар, грамотный – сауатты, любознательный – білім құмар, әуес

№3 жаттығу. Мақал-мәтелдерді көшір. Өздік есімдіктердің астын сыз.

1. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. 2. Өз үйім - өлең төсегім. 3. Сараң өз затын өзінен қызғанады. 4. Қорқақ өзінің көлеңкесінен де қорқады. 5. Отанға опасыздық еткенің - өз түбіңе жеткенің. 6. Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме.

№4 жаттығу. Есімдіктерді тауып, олардың түрін ажырат.

- 1) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. (Абай)
- 2) Мен саған ораламын ақ сезіммен,
Қайта оралам өзіңе пәк сезіммен.
Өзің жайлы жақсы бір ән шырқасам,
Сөйлестім бейне өзіңмен деп сезінем. (Г.Сейілжанова)
- 3) Күнім осы, балапанын қанатының астына тыққан кәрі тауықтай отырғаным – мынау. (М.Әуезов)
- 4) Абай неге жақсы? Мұның күйеуінен неге артық? Неге бар ел соны білгіш, данышпан ғып алды? (М.Әуезов)
- 5) Қыз десе әркім кетер қызуланып,
Көңілден әлдеқайдан от кеп жанып. (С.Торайғыров)
- 6) Ажал тілің жалаңдаған тілінен басқа ештеме көрінбейді. («Мың бір түн»)
- 7) Атшабар, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болып жатыр. (М.Әуезов)

№5 жаттығу. Мына сөйлемдердегі мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін ажырат. Ондағы есімдіктерді тауып, түрлерін анықта.

1. Әркімдікі өзіне – ай көрінер көзіне. 2. Әркімнің қолы өз аузына жақын. 3. Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы. 4. Біреудің отына жылыну. 5. Ештен кеш жақсы. 6. Еш жерге сыймау. 7. Қайда барса да, Қорқыттың көрі. 8. Өз билігі өзінде. 9. Өз қолы өз аузына жету. 10. Өз обалы өзіне. 11. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, Өзгенікі (кісінікі) дегенде, анау-мынау ісім бар. 12. Өзін-өзі ұстау.

№6 жаттығу. Сөйлемдерден есімдіктерді тауып, түрлеріне қарай ажырат.

1. Мен біраз жүріп қайтамын. 2. Бірер күнде малды көшіреміз. Өзің де болатын шығарсың жайлауда. 3. Электр жөнінде электриктермен бірнеше әңгіме өткізу керек. 4. Бір уақытта бірдеме сытыр-сытыр етті. 5. Осы даланың асты толған көмір, бірнеше жүз жылға жетеді. 6. Әрбір тәртіпсіздік, салақтық кейін тартады. 7. Өзім демей, біз деп, ерлік білекте емес, жүректе деп үйретті. 8. Ешбір дыбыс естілмейді. 9. Ақсұлу еш нәрсе демеді. 10. Көптің ақылынсызешқайда бара алмаймыз. 11. Үйренудің ешбір айыбы жоқ. 12. Әне, Қарағанды! – деді жолаушы. 13. Мүмкін, Горький жырлаған сұңқары осылар болар. 14. Бұлар әңгімелесіп көп отырды. 15. Мінеки, келіп қалдым біраз жасқа. 16. Сонымен, сіз маған қандай ақыл бересіз? 17. Өзіңнің қайда жүргенінді, кім болғаныңды, жақында болсаң – ауызша хабарла, алыста болсаң – хатпен хабарла.

§ 6.1. Етістік.

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіретін сөз табы. Етістік не істеді? не қылды? қайтты? деген сұрақтарға жауап береді.

	<i>Түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>
I. Құрамына қарай	1. Дара	<i>Бар, кел, бер, ал, ...</i>
	2. Күрделі	<i>Құлақ сал, кіріп шық, сатып ал, ...</i>
II. Тұлғасына қарай	1. Негізгі	<i>Бар, кел, бер, ал, ...</i>
	2. Туынды	<i>Ойна, шегеле, тазала, гүлде, сана, ...</i>
III. Объектіге қатысына қарай	1. Салт	<i>Жатыр, отыр, жүр, тұр, ...</i>
	2. Сабақты	<i>Аш, жап, сыз, қара, ал, ...</i>
IV. Іс-әрекеттің орындалуына қарай	1. Болымды	<i>Оқы, жаз, айт, сөйле, ...</i>
	2. Болымсыз	<i>Оқыма, жазба, айтпа, сөйлеме, ...</i>

№1 жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Етістіктердің астын сыз.

Мұнайды шахталық әдіспен де өндіреді. Мұнайды шахталық әдіспен өндіру мұнай қабатына тікелей жүргізілген құбырлар мен құдықтар, мұнай қабатының үстінен не астынан қазылған тік немесе көлбеу қондырғылар арқылы іске асырылады. Мұнай мен судың, газ бен судың шектескен жерлері ғылымда мұнай-су, газ-су аралықтары деп аталады. Каспий ойпатында, Маңғыстаудың оңтүстігі мен Үстірттің солтүстігінде мұнай көздерін ашу жобалануда.

№2 жаттығу. Мәтінді қазақ тіліне аударып, етістіктерді тап.

Весь год делится на четыре времени года. Они переходят друг в друга не сразу, а незаметно. Слабеют морозы. Светлеет небо. Так наступает весна. Текут ручьи. На голой земле и на голых деревьях появляется нежный пух. Вот уже шумит трава на лугах и листочки на ветках. Приходит лето, потом листья и травы желтеют. Холодный ветер оголяет леса. Начинается осень. Снег идет. Он медленно садится на крыши, заборы, деревья. Так наступает зима. Первого января наступит Новый Год. Начнется новый круг. Так движется жизнь.

Сөздік: Переходят – ауысады, не сразу – бірден емес, слабеют – әлсірейді, светлеет – жарық бола бастайды, голый – жалаң, нежный – нәзік, пух – мамық, ветка – бұтақ.

№3 жаттығу. Негізгі-туынды етістіктерді екі бағанға бөліп жаз.

Шығар, жаптыр, отыр, жазғыз, жар, өргіз, көгенде, буландыр, күркіре, барған, жүгір, сөйле, оқы, ал, келтір, кешір, келетін, айт, төсе, ағарту, көгеріп, жеткен, қайт, қал, аула, ұста, мұнарту, біл, көр, үйрен, көмектес.

№4 жаттығу. Туынды етістіктердің жасалу жолын анықта. Мәтінді аудар.

Қыз қуу.

Қыз қуу – халқымыздың ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын жазда табиғаттың ең бір тамаша кезінде өткізіледі. Ол басында қалыңдық пен күйеудің алғашқы танысу салтанаты ретінде шыққан. Ойын былай басталады: күйеу жағынан беделді 2-3 адамы қыздың аулына барып, оның әкесіне жастар көңіл көтерсін, қыз көрейік, ойын өткізейік деген тілек білдіреді. Бұған қыз жағы өте бір дәлелді себеп болмаса, қарсылық жасамайды. Ойын осыдан 10 күн өткен соң басталады. Бұл уақыттың ішінде ойынға қатысатын қыз-келіншектер әзірленеді, олардың ойынға мініп шығатынатары бапталып, жаратылады. Белгіленген күні 2 ауылдың адамдары жылдағы ойын өткізіліп жүрген жерге жиналады. Көмбе жұрттың көз алдында, ара қашықтығы 4-5 км болатын кеңістікте өткізіледі. Оған қыз бен жігіттің өзі шығады. Ойынды қалыңдық пен күйеудің өзі бастайды. Бұл - әсіресе, күйеуден гөрі қалыңдық үшін үлкен сын. Қалыңдық жігітті қуған кезде жығылып қалмауы, аттың басына ие бола білуі, жігітті тақымдай отырып қамшымен жиі-жиі ұрып отыруы керек. Ойын ауыл адамдарының көз алдында өтетіндіктен, кейін қорытынды жасап, баға беретіндер де солар болады. Халық «қыз-келіншектерден мықтап таяқ жеді» немесе «ана ауылдың қыз-келіншектерінің сөзбен түйрегендері болмаса, қамшы үйіргендері шамалы болды» десіп жатады.

№5 жаттығу. Күрделі етістіктердің құрамына және мағынасына қарай талда.

Анда-санда демалып, зытып келем, зытып келем. Әбден шаршасам керек, жүрісім баяулап, аяғым ауырлай бастады. Мұз алаңын өрттей қызыл сәулесімен жауып, ай да көзден таса болды. Шытырман жұлдыздар қанша жымыңдағанмен, ай сәулесінің орнын толтыра алмай, түн қараңғысы қоюлана түсті. Біраз тынығып ап, жаңадан заулай жөнеліп едім, имек қабырға табанымнан тайып кетті де, шалқалап барып құладым. Мен ғана емес, бүкіл жұлдызды аспан аударылып бара жатқандай, көз алдымнан жылт-жылт етіп өте шықты. Тым-ақ оңбай жығылсам керек, мұз да шатыр-шұтыр ете қалды, қарақұсымның қатты соғылғанына төзе алмай, жарылып кеткен тәрізді.

№6 жаттығу. Салт-сабақты етістіктерді екі бағанға бөліп жаз.

Досыңа көмектес, тапсырманы орында, ауладан шықты, малды өргіз, ісіңе абай бол, таза жүр, адал бол, қарындасыңа көмектес, аттан түс, үйде отыр, айтқанды істе, кітапты оқы, көшеде даурықпа, үй жина, сабақтан қалма, адамгершілікті ескер, аңанды ренжітпе.

№7 жаттығу. Болымды етістіктерден болымсыз етісік жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: асық – асықпа, ...

Асық, жүгір, кешік, тарық, бөгел, айқайла, шақыр, көрсет, сүрін, күл, ойна, айт, жалғас, сыз, кет, ти, ұмыт, жоғалт, атта, ал, секір, боя, өшір, қи, аш, тасы, сұра, төк.

№8 жаттығу. Сөйлемдегі болымсыз етістіктерді жасалу жолына қарай екі бағанға бөліп жаз.

Жұрнақтар жалғану арқылы жасалған (синтетикалық тәсілмен)	Тіркесу арқылы жасалған (аналитикалық тәсілмен)
Отыр <u>май</u> , іш <u>пей</u> , кет <u>пейді</u> , ...	Алған <u>жоқ</u> , қараған <u>жоқ</u> , ...

1. Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді. 2. Олжабек жөнін жөнді айтпады. 3. Екі көзін аттылардан әлі алған жоқ. 4. Оған Бақтығұл қараған жоқ. 5. Түн мөлшерін біле алмады. 6. Араларына Бақтығұлды шақырған да жоқ. 7. Арада қанша мезгіл өткенін Бақтығұл білмейді. 8. Мынау көрген – көрген емес. 9. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. 10. Бұл тұста аңнан басқа мал да, адам да болмайтын. 11. Бірақ бойын түгел жаза алған жоқ. 12. Бұл күнге шейін Бақтығұл қолдарына түспей келді. 13. Кәсібім – мал өсіру емес, сауда болған. 14. Әйгерім Абайды кінәламаса да, ақтамақшы емес.

§ 6.2. Етіс категориясы.

Етістіктің істелушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатысына байланысты мағыналық және тұлғалық жағынан құбылуын (өзгеруін) **етіс** дейміз. Етістер өзіндік мағынасы мен морфологиялық көрсеткіштері бойынша 5 топқа бөлінеді:

1. **Негізгі етіс** – түбір етістіктің де, басқа сөз табынан жасалған туынды етістіктің де алғашқы тура қалпында айтылған түрі. Мысалы: ал, алу, алып, алған, алды; кел, келу, келіп, келген, келді.
2. **Ырықсыз етіс** – істі кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі. Ол сабақты етістікке –ыл/-іл/-л жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: шөп тасылды, хат жазылды, тапсырма берілді.
3. **Өздік етіс** – іс істеуші айтылып, іс субъектінің яғни істеушінің өзіне жұмсалған етістіктің түрі. Ол етістіктің түбіріне –ын/-ін/-н; –ыл/-іл/-л жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: Әлім жуынды, Әсем киінді.
4. **Өзгелік етіс** – істелетін заттың біреу арқылы істелгенін не істелетінін көрсететін етістіктің түрі. Өзгелік етіс мына жұрнақтар арқылы жасалады: -ыт/-іт/-т (оқыт); -тыр/-тір, -дыр/-дір (алдыр), -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз (алғыз), -ыр/-ір (пісір), -ыз/-із (еміз). Мысалы: Сабадан қымыз құйдырып,
Алдарына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек,
Әзілдесіп сылқылдап... (Абай)
5. **Ортақ етіс** – істі істеуші нақты айтылмай, біреу емес, бірнеше адам істегенін көрсететін етіс түрі. Ортақ етіс етістіктің түбіріне –ыс/-іс/-с жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: айтысты, күресті, сөйлесті.

№1 жаттығу. Мына сөздерден өздік етіс жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: қозға (двигай) – қозғалды (сдвинулся).

Машина орнынан қозғалды. (Машина сдвинулась с места).

Қи, көр, қыс, жаз, кер, жу, тара, қара, қос, бер, соз, сыла, ойла, қозға.

№2 жаттығу. Мына сөздерден ырықсыз етіс жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: баста (начинай) – басталды (начался).

Қоңырау соғылды, сабақ басталды. (Прозвенел звонок, начался урок).

Сал, кой, апар, ал, қос, бекі, тарт, баста, ора, қала, жи, іл, әкел, бөге, байқа.

№3 жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Ырықсыз етістің жасалу жолдарын түсіндір.

Кеше демалыс күні болды. Біз үйде болдық. Қаншама іс істелді! Түске дейін үй жиналды: заттар орнына қойылды, терезелер мен еден жуылды, шаң сүртілді, кір жуылды да үтіктелді. Түсте ет туралды, картоп аршылды да етпен бірге қуырылды, салат жасалды. Түстен кейін сабақ оқылды, реферат жазылды, қазақ тілінен жаттығулар орындалы. Көп іс істелді!

№4 – жаттығу. Сөйлемдерді аудар, етістіктердің қай етісте тұрғанын анықта.

1. На все вопросы были даны ответы. 2. Все вопросы решены. 3. Текст переведен неправильно. 4. На концерте было спето много новых песен. 5. Урок окончен. 6. Сэния лечилась у хороших докторов. 7. Об этой проблеме много говорилось по телевизору.

№5 жаттығу. Мына сөздерден өзгелік етіс жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: же (ешь) – жегіз (покорми). Анам кішкентай ініме ботқа жегізді.
(Мама покормила младшего брата кашей).

Қал, кел, жүр, отыр, ал, же, тыңда, шық, сайла, кет, таны, тоқта, есті, түс, көн, панала, дүрілде.

№6 жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Өзгелік етістің жасалу жолдарын түсіндір.

Кеше бізде қазақ тілі сабағы болды. Мұғаліміміз өте білімді адам. Ол бізді қазақша сөйлетеді. Кеше бізді жаңа тақырыппен таныстырды, жаңа тақырып бойынша жана сөздерді үйретті, сөздердің мағынасын түсіндірді. Сабақта бізге көп жұмыс істетті: мәтінді оқытты және орыс тіліне аудартты, мәтінге сұрақтар қойғызды, сұрақтарға жауап бергізді, жаттығулар орындатты. Сабақтың көпшілік бөлігін ауызша сөйлесуге арнады. Магнитофоннан бізге өте қызықты әңгіме тыңдатты. Мұғаліміміз дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуымызға көп көңіл бөледі. Сабақтың аяғында үй тапсырмасын берді. Сабағымызды әдеттегідей өте қызықты өткізді.

№7 жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар. Етістіктердің қай етісте тұрғанын анықта.

1. Мама попросила дочь вытереть пыль. 2. Гости попросили меня сыграть на домбре. 3. Мы попросили художника нарисовать портрет наших родителей. 4. Родители поженили сына. 5. Мы встретили нашего старого друга на концерте. 6. Одень ребенка и выведи на улицу. 7. Бабушка попросили внучку налить шубат. 8. Извините, я заставил Вас ждать себя полчаса. 9. Учитель дал студентам написать изложение. 10. Я заказала сшить себе к празднику красивое легкое платье.

№8 – жаттығу. Мына сөздерден ортақ етіс жаса. Сөйлем құрастыр.

Үлгі: сөйле (говори) – сөйлестік (разговаривали).

Біз телефонмен ұзақ сөйлестік. (Мы долго разговаривали по телефону).
Сөйле, бөл, ал, біл, сұра, байла, арала, ойла, сана, бақ, сыбырла, қой, қабатта, жібер.

№9 жаттығу. Мәтінді оқып, аудар, ортақ етістің жасалу жолдарын түсіндір.

Өткен аптада саяжайға бардық. Әкемізге көмектестік, көп жұмыс істестік. Жер қазыстық, ағаштардың былтырғы жапырақтарын жинастық, ағаштардың бұтақтарын кесістік. Үйдің алдындағы ауланы сыпырыстық, су әкелістік. Мен анама тамақ пісірістім. Содан кейін бәріміз отырып тамақ іштік, әңгімелестік. Алыстан туысқанымыз келді, хал-жағдайымызды сұрастық, содан соң шай іштік. Біраз сөйлестік те, қайтадан жұмысқа кірістік.

№10 жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар. Етістіктердің қай етісте тұрғанын анықта.

1. Мы с ним увиделись. 2. Они не спеша поговорили. 3. Помоги перевести текст. 4. Мы долго разговаривали. 5. Он помог вынести шкаф. 6. Я помогла постирать белье. 7. Помоги мне убраться в доме. 8. Мы помогли пожарить мясо и почистить картошку. 9. Они помогли принести багаж. 10. Мы помирились.

№11 жаттығу. Сөйлемдерден етістерді тауып, оларды түріне қарай ажырат.

1. Қамар Ахметке күдер үзерліктей етіп хат жазды. 2. Алуан-алуан ойлар, кесек-кесек ұшқыр сөздер айтылды. Ел бірлігін тілге тиек еткен нелер әшекейлі толғаулар ортаға салынды. 3. Әсіресе, солар осындай реті келіп

тұрғанда атыстырып, тартыстырып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында тоздырып өш алып қалғысы келген еді. 4. Бұлар құда болып, мал бергенде, Әжібай бесте, Жамила он бірде. 5. Менің қасымда байқамаған болып, басқа жолдастарымен әңгімелесіп кетеді. 6. Оларға: - Жоғары білім алындар да, туған ауылдарыңды көркейтуге ат салысындар, - деді. 7. Достар ол күні Ертіс бойына барды, қаланы аралады, кешке жақын қош айтысты. 8. Зейнептің апасына басқа да ауыл әйелдері көңіл айтуға түсті. 9. Ғ.Мүсірепов ең алғаш 1928 жылы газетте жарияланған «Тулаған толқында» повесімен көрінді. 10. Теңізге теңбіл аспан төңкеріліп, Толқында жұлдыз жүзіп жөңкеріліп, Керілген кең Каспийдің жарын кернеп, Көпірген күміс көбік көмкеріліп. 11. Арманға бізді жеткізіп, Қайғыны ойдан кеткізіп, Мәңгі жарық, алтын күн. Туғызған бізге бұл заман Сүйсіндірді, күлдірді, Ортама келді ырыс-құт.

§ 6.3. Көсемше.

Негізгі қимыл, амалды білдіріп, кейде сол қимыл, амалды айқындап тұратын, жекеше, көпше болып бөлінбейтін және көбінесе күрделі етістіктің құрамында келетін етістіктің түрін көсемше дейміз. Көсемшенің 3 түрі бар:

- 1) *ауыспалы шақтық көсемше;*
- 2) *өткен шақтық көсемше;*
- 3) *келер шақтық көсемше.*

<i>Р/с</i>	<i>Көсемшенің түрі</i>	<i>Нені білдіреді</i>	<i>Жасалу жолы</i>	<i>Мысалдар</i>
1	<i>Ауыспалы шақтық көсемше</i>	<i>Өзі қарасты етістік істің амалын, кейде мезгілін не шартын көрсететін етістіктің түрі.</i>	<i>Етістіктің түбіріне –а/-е-/-й жұрнақтары қосылу арқылы жасалады.</i>	<i>Сөйлей-сөйлей, оқи, қорыта, ала, ере, т.б.</i>
2	<i>Өткен шақтық көсемше</i>	<i>Амалды, себепті, кейде мезгілдің сөйлеп тұрған уақытынан бұрын болғандығын білдіреді.</i>	<i>Етістіктің түбіріне –ып/-іп/-п жұрнақтары қосылу арқылы жасалады</i>	<i>Сөйлеп, айтып, көріп, т.б.</i>
3	<i>Келер шақтық көсемше</i>	<i>Негізгі істің мақсат, мезгілінің келер шақта болатындығын білдіреді.</i>	<i>Етістіктің түбіріне –ғалы/-гелі, -қалы/-келі жұрнақтары қосылу арқылы жасалады</i>	<i>Айтқалы, барғалы, келгелі, кеткелі, т.б.</i>

№1 жаттығу. Көсемшелердің жасалуын түсіндіріп, олардың сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын анықта.

1. Көп күн өтті сен кеткелі. 2. Нағима тамақ пісіріп, табаны жерге тимей жүгіріп жүр. 3. Жанар орнынан тұрып, төр жақтағы бөлменің есігін ашып еді, Шынтас шешініп жатып қалыпты. 4. Пойыз зырлап келеді. 5. Бұл сөздің мағынасын Таңқыбай жақсы түсінеді. 6. Дайындалыңдар, ертең ертелете Сырдарияға жүреміз. 7. Абай өзін де, айнала жұртты да тегіс ұмытыпты. 8. Айғыз сол өз төркінінің тойынан ашуланып аттанды. 9. Ұзақ ұшқан бүркіттен інге кіріп, тас үңгірге тығылып, екі түлкі де құтылып кетті.

№2 жаттығу. Мына етістіктерге көсемшенің –ғалы/-гелі, -қалы/-келі жұрнағының бірін қосып жаз. 10 сөзбен сөз тіркес жаса, аудар.

Ашу, жабу, алу, беру, апару, әкелу, бару, келу, жүру, тұру, жазу, оқу, көру, есту, өткізу, кету, жату, көрсету, біту, үйрену, шақыру, сөйлесу.

№3 жаттығу. Жақшадағы етістіктерден келер шақтық көсемше жаса.

1. Мен саған (бару) жатырмын. 2. Інімді (көрмеу) үш жыл болды. 3. Гүлбану Абзалға хат (жазу) отыр. 4. Досым туралы (білу) келдім. 5. Компьютер (сатып алу) үйде ештеңе істемейсің. 6. Жаңа жұмысқа (кіру) жарты жыл болды. 7. Бесбармақ (жемеу) қанша болды? 8. Жиналыс (басталу) бір сағат болды. 9. Университеттің жаңа ғимараты (ашылу) жатыр. 10. Ауылға (бармау) көп болды. 11. Біз қазақ тілінен емтихан (тапсыру) отырмыз. 12. Жұмыс (шығу) үйге кеш келетін болдым.

№4 жаттығу. Жақшадағы етістіктерден ауыспалы шақтық көсемше жаса.

1. Мен сені (асығу) күтемін. 2. Тамағыңды (ішпеу) далаға шықпайсың! 3. Сабағыңды (оқымау) ешқайда бармайсың! 4. Жұмысыңызды (бітірмеу) үйге кетпейсіз! 5. Жолды (сұрау-сұрау) Меккеге де жетерсің. 6. Кітап (оқымау) білімді болмайсың. 7. Еңбек (етпеу) адам болмайсың. 8. Сурет (салмау) отыра алмайды.

№5 жаттығу. Жақшадағы етістіктерден өткен шақтық көсемше жаса.

1. Ару жаттығу (орындау) отырып, музыка тыңдайды. 2. Нұрбибі тамақ (пісіру), теледидар көрді. 3. Қайып шашын (тарау), айнаға қарады. 4. Күлпаш нанға май (жағу) жеді. 5. Бақытжан кітапты (ашу), оқи бастады. 6. Рая ән (айту), би биледі. 7. Гүлбаршын жұмыстан (шаршау) келді. 8. Сәнжан жерге (құлау), аяғын сындырып алды. 9. Келдібай үш сағат (ұйықтау) тұрды.

§ 6.4. Есімше.

Бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын, есімдерше түрленетін етістіктің түрлерін **есімше** дейміз. Есімшенің 3 түрі бар:

- 1) **ауыспалы шақтық есімше;**
- 2) **өткен шақтық есімше;**
- 3) **келер шақтық есімше.**

<i>Р/с</i>	<i>Есімшенің түрі</i>	<i>Жасалу жолы</i>	<i>Мысалдар</i>
1	Өткен шақтық есімше	Етістіктің түбіріне –ған/-ген, –қан/-кен жұрнақтары қосылу арқылы жасалады.	Жазған, жеткізген, ашқан, кеткен, т.б.
2	Ауыспалы шақтық есімше	Етістіктің түбіріне –а/-е/-й + –тын/-тін жұрнақтары қосылу арқылы жасалады.	Баратын, келетін, сөйлейтін, т.б.
3	Келер шақтық есімше	Етістіктің түбіріне –ар/-ер/-р жұрнақтары қосылу арқылы жасалады	Жазар, келер, сөйлер, т.б.

№1 жаттығу. Есім және етістік мағынасындағы есімшелерді бөлек жаз.

1. Ол Сәулеге кино жайында әңгімелеп келе жатқан. 2. Самсаған көздің бәрі соған байланған, бәрінде де үн жоқ. 3. Қырсыққан жігіт мал таппас. 4. Барар жер онша алыс емес. 5. Көп біріксе – ел болар, көп тілегі – көл болар. 6. Айтқан сөз атылған оқпен тең. 7. Шыны айна біздің дәуірімізден 2 мың жыл бұрын шыққан. 8. Ақыл – тозбайтын тон, таусылмайтын кен.

№2 жаттығу. –ар/-ер/-р жұрнақтары арқылы келер шақтық есімше жаса. Сөз тіркес құрастыр.

Айту, алу, ашу, аттану, апару, әкелу, әзірлену, әңгімелесу, бату, бару, беру, болу, білу, дайындалу, егу, жүргізу, жіберу, жағу, жазу, жүру, жүгіру, жабу, жеңу, жану, жату, жуу, жуыну, зерттеу, кіру, келу, кету, кию, көну, көбейту, көру, көріну, кездесу, қою, қалу, қарау, қосу, қыдыру, орналасу, ойнау, озу, отыру, өту, өзгеру, пісу, пісіру, сөну, сезу, салу, тапсыру, танысу, тыңдау, тазалау, түсіну, тебу, тұру, тігу, ұнау, ұйықтау, ұшу, ұту, үйрету, үйрену, хабарласу, шығу, шақыру.

№3 жаттығу. Есімшелері бар мына сөз тіркестерден сөйлем құрастыр.

Айтар сөз, кірер есік, берер ақыл, келер қонақ, бір киер, ұшар құс, назар аударар, барар жер, сөйлесер адам, ақылдасар дос.

№4 жаттығу. –ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтары арқылы өткен шақтық есімше жаса. Сөз тіркес құрастыр.

Айту, алу, ашу, аралау, аудару, әңгімелеу, әкелу, біту, беру, болу, білу, бару, дайындалу, есептеу, есту, емделу, жазылу, жөндеу, жазу, жабу, жағу, жуыну, жану, жинау, жету, жіберу, жеу, жасау, зерттеу, қалу, келу, кіру, кету, қону, көну, көру, қуану, қарау, көрсету, нану, оқу, озу, отыру, орналасу, өлшеу, өшіру, өсу, өту, пісу, пісіру, ренжіту, сену, сөйлеу, салу, сөну, сөйлесу, сағыну, танысу, тойлау, төгу, табу, тебу, тұру, тамақтану, тілеу, ұялу, ұнату, ұшу, үйрету, үйрену, үйлену, үндемеу, шығу, шөлдеу, шақыру, шашу, ілу, іздеу, істеу.

№5 жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті етістіктерді өткен шақтық есімшеге айналдырып жаз.

1. Менің әкем өткен аптада демалысқа 2. Сәбит кеше мұғалімге
3. Сіздер кеше адасып, үйімді көп 4. Біз қазақ тілін мектепте 5. Біз Италияға ұшақпен 6. Сен тойға жаңа костюм 7. Берік таңертең дене шынықтыру жаттығуларын 8. Менің інім былтыр университетті 9. Біз өткен жексенбіде қонақ 10. Былтыр сен оқуға 11. Айжан өткен жазда жұмысқа 12. Олар демалыс күндерін Астанада

Керекті етістіктер: өткізу, бітіру, кию, орналасу, оқу, орындау, ұшу, іздеу, шақыру, түсу, шығу, көмектесу.

№6 жаттығу. –атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнақтар арқылы ауыспалы шақтық есімше жаса, оларды болымсыз формаға аудар. Сөз тіркес құрастыр.

Айту, алу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, басу, білу, бару, билеу, болу, дайындалу, деу, егу, есептеу, жазу, жабу, жағу, жату, жуыну, жөндеу, зерттеу, кету, көну, көшіру, көру, кіру, қарау, қуу, қуану, нану, оқу, орналасу, отыру, өшіру, өлшеу, өсу, пісу, сағыну, сөну, сезу, сөйлесу, салу, танысу, төгу, тағу, тойлау, ұрысу, ұнату, үйрету, шөлдеу, ішу, іздеу, ілу, істеу.

№7 жаттығу. Көп нүктенің орнына –атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнақтарының тиістісін қойып жаз.

1. Сауда үйіне үйге қажетті заттарды ал...быз. 2. Әжесі ауруханада көп емдел... . 3. Сәкен өткен жылы көп ауыр жұмыс істе... . 4. Біз түнімен ұйықта...быз. 5. Сіз үйден екіде шығ...сыз. 6. Сіз кітаптарды балаларға бер...сіз. 7. Жұмыс жексенбіде аяқтал... . 8. Сендер оқуды жақсы оқ...сыңдар. 9. Сен алтыда үйге кел...сің. 10. Әлия осы жаттығуды оңай орында... . 11. Жыл сайын қыста сендер тауда шаңғы теб...сіңдер. 12. Әжем теледидардың алдында отырып шұлық тоқ... .

§ 6.5. Етістіктің шақ категориясы.

Шақ – етістіктің негізгі категорияларының бірі. Шақ қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіреді. Шақ қимылдың жасалу мезгілін (сағатын, күнін) нақты дәлел көрсете алмайды. Етістіктің шақ категориясында қимылдың жасалу мезгілі сөйлеушінің хабарлау кезі негізінде белгіленеді. Шақ үш түрлі: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

В зависимости от того, какой из 4 вспомогательных глаголов используется, форма сложного собственно-настоящего времени приобретает различные оттенки, главным образом, видового характера.

Отыр – указывает на то, что действие происходит в данный момент речи (преимущественно сидя): *Әже шай ішіп отыр.*

Жатыр – придает действию постоянный характер и указывает на длительность: *Арман жатақханада тұрып жатыр.*

Тұр – придает действию характер повторения, указывая на то, что действие происходит в момент речи (преимущественно стоя): *Олар сөйлесіп тұр.*

Жүр – указывает на постоянный характер действия или его повторяемость: *Катя қазақ тілі курсына қатысып жүр.*

№1 жаттығу. Үлгі бойынша дара нақ осы шақтың 4 етістігін (отыр, жатыр, тұр, жүр) қатыстырып, сөйлем құрастыр.

Үлгі: Менің үлкен ағам қазір стадионда **жүр**. (Мой старший брат сейчас **ходит** на стадионе).

№2 жаттығу. Нақ осы шақтың дара және күрделі түріндегі етістіктерді бөлек жаз.

1. Алдында ызғар шашып темірдей қарыған жат кеңістік жатыр. 2. Көктемнің зәрсіз желінде ауа дірілдеп тұр. 3. Осы үйде Тоғжанның өзі отыр. 4. Бұл үйдің төбесінде кішірек қызыл жалау желбіреп тұр. 5. Сәбит Мұқанов екі жылдан бері тың көтеру тақырыбына роман жазып жатыр. 6. Панфилов әдеттегіңше саусағын тықылдатып, Мұратқа жан ашыр кескінмен қарап тұр. 7. Марат диссертациясына материал жинап жүр. 8. Мен класта отырмын, сен тақтаның алдында тұрсың, Әбдірахман қорада жүр, Бабан біздің үйде жатыр. 9. Жомарт не айтары белгісіз, төмен қарап қаулыны үстінен түзеп отыр. 10. Біз алып Кавказды да, сұлу Теректі де бүгін ғана көз тоқтатып көріп отырмыз.

№3 жаттығу. Ауыспалы осы шақ түріндегі етістіктерді тап.

1. Мен ауданға барамын, бұл қарар бекілмейді. 2. Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады. 3. Асықпаған арбамен қоянға жетеді. 4. Ақылсыз өзін мақтап былжырайды.

5. Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың.
Бейхабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың.

№4 жаттығу. Осы шақта тұрған етістіктерді тауып, олардың осы шақтың қай түріне (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ) жататынын анықта.

1. Сонау ақ үйлердің бірінен екі адам шығып, бері қарай келеді. 2. Бір бүйірін жылытып отыр. 3. Оны да ойламайсың. 4. Кімді жатырқап, қайда тартып барасың? 5. Ойы екі жаққа жүгіреді. 6. Аспанда бозторғай шырылдайды. 7. Дала да осы шабан қимылға ұқсап жатыр. 8. Өзің білесің, біз момақан шаруамыз. 9. Үш күн әңгіме етіп, жақсылардың аузынан шыққан лебізін жұртқа жайып жүреміз. 10. Балаларым өсіп, адам болып келеді.

№5 жаттығу. Көп нүктенің орнына жедел өткен шақтың –ды/-ді, -ты/-ті жалғауларының тиістісін қойып жаз.

Үйдің қабырғасын балшықпен сыла...м.
Қаптың аузын шуда жіппен тік...м.
Терезені таза шүберекпен сүрт...м.
Беті-қолымды сабынды сумен жу...м.
Біз мұғалімнің шақыруымен кел...к.
Баланы оқытуды жек көрме...м. (Абай)
Дәулетке батып белшеден,
Ырысқа қан...м, кенел...м. (Жамбыл)
Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғыз... (Ы.Алтынсарин)

№6 жаттығу. Көп нүктенің орнына бұрынғы өткен шақтың –ып/-іп/-п жұрнақтарының тиістісін қойып жаз.

Ертеде бір бай бол...ты, төрт түлігі сай бол...ты. (Ертегіден)
Ағайынды екеу бол...ты, екеуі тату бол...ты. (Ертегіден)
Дәулеті шалқыған бір бай бол...ты,
Сараңдығымен аты шығ...ты. (Ертегіден)
Қырдағы ел ойдағы елмен аралас...,
Күлімдес..., көріс..., құшақтас...(ты). (Абай)

Менің атам жайлауға
Малын айдап шығ...ты.
Көк шалғынды қойнауға
Киіз үйін тіг...ті. (Қ.Баянбаев)

№7 жаттығу. Көп нүктенің орнына бұрынғы өткен шақтың –ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтарының тиістісін қойып жаз.

1. Жылан шақ... адамға аттың терін ішкізсе, мың да бір ем болады екен.
2. Шу бойындағы Созақ совхозының сиыршысы Сердалы табынын таң ата өріске шығарып кет... 3. Күші болсаң жердей бол, бәрімізді көтер..., Таза болсаң судай бол, кірімізді кетір... 4. Үсті-басыңа қарашы, не боп кет...сің. 5. Ашаршылық көрме... – ас қадірін білмейді, Жаяушылық көрме... – ат қадірін білмейді.

№8 жаттығу. Көп нүктенің орнына болжалды келер шақтың –ар/-ер/-р жұрнақтарының тиістісін қойып жаз.

1. Еңбек ерлікке жаткіз..., ерлік елдікке жеткіз... 2. Білегі күшті бірді жығ..., білімі күшті мыңды жығ... 3. Бір қорқақтың кесірі мыңға ти..., Жолдас болсаң қорқақпен жаның күй... 4. Жиен ел болмас, желке ас болмас. 5. Жиен ел бол... – малы болса, желке ас бол... – майлы болса. 6. Атаңа не қылсаң, алдына сол кел... 7. Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйр... Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйр... 8. Ата даңқымен сөз өт..., мата даңқымен бөз өт...

№9 жаттығу. Ауыспалы келер шақта тұрған етістіктерді көрсет.

1. Өз жұртың – күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың – міншіл келеді. 2. Немере етін жеп, сүйегін қалдырады. 3. Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды. 4. Еркек сергек ұйықтаса – ырыс бітеді, әйел сергек ұйықтаса – жұмыс бітеді.

№10 жаттығу. Көп нүктенің орнына мақсатты келер шақтың –мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек жұрнақтарының тиістісін қойып жазы.

1. Жазда мен Мәскеуге бар...пын. 2. Мемлекеттен машина сұра...пын. 3. Бұл бөлмеде Ділдә тұр... 4. Түзет... едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып.

№11 жаттығу. Келер шақтағы етістіктерді тауып, олардың келер шақтың қай түріне жататынын айқында.

1. – Ім, бәсе, түсінерсің, түсінерсің. 2. Менің жөнімді сұрап қайтесің, құда түспексің бе? 3. Біз жүреміз. 4. – Келеді ол! Өзі келеді, көрерсің! 5. Мен де келер деп ойлаймын. 6. Біз оған қашан жетеміз? – Суыт жүрсек, таң ата

жетеміз. Түн ортасында аттарды жемдеп алармыз. 7. Соны тындырмай тұрып, демалуға болмайды. 8. Соңына ерген жалғыз қарасына не бермек, қандай мұра қалдырмақ? 9. – Бұл іс болмайды. Қолдан келмейді.

№12 жаттығу. Мәтін ішінен етістіктердің қай шақта тұрғанын анықта. Мәтінді аудар.

Қазақтың қонақ күту рәсімі.

Қазақ халқының әдеті бойынша қазақ ауылында сырттан келген жолаушы атымен рұқсатсыз үйге кірмеген. Ол үйдің сыртында тұрып:

– Үйде кім бар? – деп сұраған.

Егер таныс адам болса, немесе үйдің сыртынан «қонақасы беруден қысылмайды-ау» деп ойлап, үйдің біреуіне атын байлап түседі. Қонақ аяқ киімін оң босағаға шешіп, қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, үй ішіндегі адамдармен сәлемдеседі. Қыздар мен келіндер көрпе жайып, құрмет көрсетеді. Қазақ елінде қонаққа деп әрқашан сыбаға сақтаған. Арнайы қонақ шақырғанда, сыйлы кісі келгенде қой немесе тоқты сойған. Сыйлы қонаққа бас тартқан. Бұл – ежелгі дәстүр. Ол – әлемді баспен билейді деген ұғымды білдіреді. Қонақ тамақ ішіп болған соң, ауыл адамдары «ауылдың алты ауызын» айтады, қонақ «қонақкәдені» айтады. Қонақ кетерден бұрын отағасы қонағынан «бұйымтай» сұрайды. Қонағы үй иесінен атын, мылтығы мен итінен басқа кез-келген затын сұрауына болады.

§ 6.6. Етістіктің рай категориясы.

*Етістіктің жаққа, шаққа, т.б. түрленуін етістіктің **райы** дейміз. Етістіктің 4 түрлі райы бар:*

***Ашық рай** – осы шақ, келер шақ, өткен шақ мағыналарының сөйлемде анық көрінуі. Мысалы: жазып отырмын, жазамын, жаздым.*

***Бұйрық рай** – істің бұйыру мағынасын білдіретін етістіктің түрі. Мысалы: жаз, оқы, кел, бар, тұр, айт.*

***Шартты рай** – іс-әрекеттің істелу, болу мүмкіндігін білдіретін етістіктің түрі. Мысалы: біл+се+м, айт+са+ң, әкел+се.*

***Қалау рай** – іс-әрекетті орындаушы адамның талабын, ынтасын білдіріп, қалау мағынасында айтылатын етістіктің түрі. Ол етістік түбіріне –қы/-кі, -ғы/-гі жұрнақтары мен тәуелдік жалғауларын қосу арқылы, одан кейін «кел» етістігі тіркесіп келу арқылы жасалады. Мысалы: бар+ғы+м келеді, біл+гі+м келеді.*

№1 жаттығу. Мына етістіктерді –йын/-йін, -айын/-ейін жұрнақтар арқылы 1 жақ жекеше түрдегі және –йық/-йік, -айық/-ейік жұрнақтар арқылы 1 жақ көпше түрдегі бұйрық рай формасына қойып жаз. 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Жуу (мыть) + айын = жуайын (давай помою). Мен ыдыс жуайын.
(Давай я помою посуду).

Жуу, тапсыру, дайындалу, сыпыру, сүрту, жасау, жинау, пісіру, демалу, кайнату, бару, қыдыру, шақыру, қуыру, жеу, ішу,

№2 жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

1. Давай я принесу тебе кофе или чай. 2. Давай вечером ходим в кино. 3. Давай запишемся на курсы казахского и английского языка. 4. Давай уберемся в доме. 5. Давай на эти выходные пригласим гостей. 6. Давай летом поедем отдыхать в Көкшетау. 7. Давай я на обед приготавливаю плов.

№3 жаттығу. Мына етістіктерді 2 жақ жекеше түрдегі бұйрық рай формасына қойып жаз және болымсыз формаға айналдыр. 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Айту (говорить) – айт (скажи) – айтпа (не говори). Абайдың бір өлеңін жатқа айт. (Расскажи одно стихотворение Абая наизусть).

Айту, асығу, бару, бағу, бағалау, жазу, жасау, жалғау, келу, кету, көру, кіру, санау, сөйлеу, шығу.

№4 жаттығу. Мына етістіктерді –ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз жұрнақтар арқылы 2 жақ көпше түрдегі бұйрық рай формасына қойып жаз. 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Жеу (кушать) – же (кушай) – жеңіз (кушайте). Көктемде көбірек жеміс-жидек, көкөніс жеңіз. (Весной побольше ешьте фрукты и овощи).

Же, тазала, іл, жу, отыр, таныс, әкел, қой, іш, сана, бол, тос, ойна, ойла, де, сал, шық, айт, бар, кел, жақ.

№ 5 – жаттығу. Мына етістіктерді –сын/-сін жұрнақтар арқылы 3 жақ формасындағы бұйрық райға қойып жаз. 5 сөзбен сөйлем құра.

Үлгі: Күту (ждать) + сін = күтсін (пусть ждет). Берік мені аялдамадан күтсін.
(Пусть Берик ждет меня на остановке).

Күту, жуу, тазалау, ілу, тұру, жүру, жеу, ішу, апару, әкелу, қою, ұйықтау, сүрту, болу, ойнау, салу, жасау, істеу.

№ 6 – жаттығу. Төмендегі етістіктерді шартты райға айналдырып, жікте және болымсыз формаға қойып жікте.

Үлгі:

Көру (видеть) –

Мен көр+се+м (если я увижу)	Біз көр+се+к (если мы увидим)
Сен көр+се+ң (если ты увидишь)	Сендер көр+се+ңіз (если вы увидите)
Сіз көр+се+ңіз (если вы увидите)	Сіздер көр+се+ңіз (если вы увидите)
Ол көр+се (если он увидит)	Олар көр+се (если они увидят)

Көру (видеть) – көрмеу (не видеть) –

Мен көр+ме+се+м (если я не увижу)
Сен көр+ме+се+ң (если ты не увидишь)
Сіз көр+ме+се+ңіз (если вы не увидите)
Олар көр+ме+се (если они не увидят)
Біз көр+ме+се+к (если мы не увидим)
Сендер көр+ме+се+ңдер (если вы не увидите)
Сіздер көр+ме+се+ңдер (если вы не увидите)
Олар көр+ме+се (если они не увидят)

Біз оны көрсек, сенен сәлем айтармыз. (Если мы его увидим, то передадим от тебя привет).

Көру, күлу, ұйықтау, ойнау, жазу, есептеу, бару, жылау.

№7 жаттығу. Мына етістіктерден –ғы/-гі, -қы/-кі жұрнақтар арқылы қалау рай жаса. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Үйрену (научиться).

	Жекеше түрі	Көпше түрі
1 жақ	Менің үйрен+гі+м келеді	Біздің үйрен+гі+міз келеді
2 жақ	Сенің үйрен+гі+ң келеді	Сендердің үйрен+гі+ңіз келеді
2 жақ	Сіздің үйрен+гі+ңіз келеді	Сіздердің үйрен+гі+ңіз келеді
3 жақ	Оның үйрен+гі+сі келеді	Олардың үйрен+гі+сі келеді

Мен қазақ тілін үйренгім келеді. (Я хочу научиться казахскому языку).

Үйрену, сөйлесі, әңгімелеу, өсу, жөндеу, танысу, билеу, ән айту, қалу, қарау, шашу, іздеу, хабарласу, ұрысу, сену.

№8 жаттығу. Мына сөйлемдерді аудар, ондағы етістіктердің қандай райда тұрғанын, қалай жасалғанын айт.

1. Римма не хочет ехать в аул. 2. Еркін не хочет идти в детский сад. 3. Султан хочет есть. 4. Асқар хочет отдыхать. 5. Я хочу слушать лекции этого учителя. 6. Ты хочешь учиться в нашем университете? 7. Учитель не хочет меня спрашивать. 8. Я не хочу кушать в столовой. 9. Ты не хочешь посмотреть новый фильм? 10. Вы хотите поехать в Америку? 11. Мне не хочется танцевать. 12. Я не хочу с тобой разговаривать.

№9 жаттығу. Сөйлемдегі етістіктерді райдың түріне қарай ажырат.

1. Амантайдың жігітке көмектескісі келді. 2. Ұзақ түн андысаң, алмай қоймайсың. 3. Көңіл тойса, тамақ тоятын. 4. Солдатқа бергісі келсе, байлар мен болыстар өз балаларын берсін. 5. – Кіріңіз, кіріңіз! – деп, тысқа дауыс берді. 6. – Атка, атқа, қоныңдар! – дескен үндер естілді. 7. Менің бүкіл Қазақстанды аралап қайтқым келеді. 8. – Сіз мені жатсынбаңыз, - деді Асқар, - егер Смирнов үйде болса, маған жолықтыруыңызды өтінемін. 9. Тырнадан әкім қойсаң, төбеңнен қиқу кетпес. 10. – Кәне, жол беріңдер, - деді ағасы.

§ 7. Үстеу.

Үстеулер – басқа сөз таптарынан қосымшалар арқылы немесе сөздердің бірігуі арқылы, немесе қосарлану, тіркесу арқылы пайда болып, жаңа бір мағынаға ие болған сөздер тобы.

Туынды үстеулердің жасалу жолдары

<i>Жұрнақ арқылы</i>	<i>Септік жалғаулары арқылы</i>	<i>Сөздердің бірігуі арқылы</i>	<i>Сөздердің қосарлануы арқылы</i>	<i>Тіркес түрінде жасалған</i>
<p>1) <i>-ша/-ше</i> (орыс+ша, қазақ+ша, ауыз+ша, жазба+ша, жаңа+ша, ескі+ше);</p> <p>2) <i>-лай/-лей, -дай/-дей, -тай/-тей</i> (со+лай, тіке+лей, жаз+дай, күз+дей);</p> <p>3) <i>-сыз/-сіз</i> (үздік+сіз, жөн+сіз, пайда+сыз).</p>	<p>1) <i>Барыс септік</i> (артқа, босқа, алға, кешке);</p> <p>2) <i>Жатыс септік</i> (лезде, күнде, баяғыда);</p> <p>3) <i>Шығыс септік</i> (ежелден, шетінен, етпетінен);</p> <p>4) <i>Көмектес септік</i> (ретімен, күнімен, түнімен).</p>	<p><i>Бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, ешқашан т.б.</i></p>	<p><i>Әрең-әрең, үсті-үстіне, анда-санда, бостан-босқа, оп-оңай, айта-айта т.б.</i></p>	<p><i>Құр босқа, жай әшейін, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін, қас пен көздің арасында т.б.</i></p>

Үстеудің мағыналық топтары

<i>Р/с</i>	<i>Үстеудің мағыналық түрі</i>	<i>Анықтамасы</i>	<i>Мысалы</i>
1	Мезгіл үстеу	Қимылдың, іс-әрекеттің жалпы мерзімін, уақытын білдіреді.	<i>Бүгін</i> дем алмаған тек Жүнісбек қана.
2	Мекен үстеу	Қимыл, іс-әрекеттің орнын (мекенін) білдіреді.	<i>Кел, жастар, алға</i> ұмтыл.
3	Сын-бейне үстеу	Қимыл, іс-әрекеттің алуан түрлі сапасын білдіреді, істеу тәсілін, жолын көрсетеді.	<i>Біз емтиханды ауызша</i> тапсырамыз.
4	Мөлшер үстеу	Түрлі қатынастарды жалпылап, я шамалап немесе қимылдың және сынның кемдік, я теңдік дәрежесін көрсетеді.	<i>Көрдің бе, оның алған мұнша</i> олжасын. <i>Неғұрлым</i> ерте тұрсаң, <i>соғұрлым</i> жұмысың өнеді.
5	Күшейткіш үстеу	Заттың сынын, қимылдың өзін немесе түрлі мөлшерді, көлемді аса күшейтіп немесе аса солғындатып көрсетеді.	<i>Раушан шайды тым</i> асықпай ішеді. <i>Асты онша</i> асықпай ішу керек.

Үстеудің мағыналық топтары

<i>Үстеудің мағыналық түрі</i>	<i>Сұрақтар</i>	<i>Мысалдар</i>
Мезгіл үстеулері	Қашан?	<i>Бұрын (раньше), бүгін (сегодня), ертең (завтра), бүрсізүні (послезавтра), кеше (вчера), жиі (часто), кейде, андасанда (иногда), енді (теперь), ылғи (всегда), қазір (сейчас), биыл (в этом году), былтыр (в прошлом году), әдетте (обычно), жазғытұрым (летом), бағана (недавно), ертеден (издавна), әуелі (сначала), күндіз (днем), күні бойы (весь день), күні-түні (днем и ночью), түнде (ночью), кеш (поздно), кейін (после, потом), ...</i>
Мекен үстеулері	Қайда? Қайдан? Қай жерде?	<i>Алға, ілгері (вперед), кейін, артқа, кері (назад, позади), арттан (сзади), төмен (вниз), жоғары (вверх), жоғарыдан (сверху), сонда, анда (там), осында, мұнда (здесь), әрмен (дальше), бермен (ближе), ешқайда (нигде, никуда), жол-жөнекей (по пути), жолшыбай (по дороге), іште (внутри), іштен (изнутри), сырттан (снаружи внутрь), сыртта (снаружи), әлдеқайдан (откуда-то), әлдеқайда (где-то), ...</i>
Қимыл-сын үстеулері	Қалай? Қайтпін? Қалайша?	<i>Әзер, зорға, әрең (с трудом, еле-еле, на силу), жазбаша (письменно), ауызша (устно), дұрыс (правильно), дереу, бірден (тотчас, сразу), әбден (совсем), бірге (вместе), тікелей (прямо), баяу (медленно), шапшаң, жылдам (быстро), өзгеше (по-другому), ептеп (по-тихоньку), жаман, нашар (плохо), жақсы (хорошо), жорта, әдейі (нарочно, специально), ...</i>
Мөлшер үстеулері	Қашан? Неше? Қаншама? Қаншадан?	<i>Сонша, соншама, қаншама, осынша (столько), әжептәуір, едәуір, (достаточно), бір-бірден (по одному), талай, көп, қыруар, көптеген (много), біраз (немного), аз (мало), ...</i>

<i>Күшейту үстеулері</i>	<i>Қалай? Қандай?</i>	<i>Әбден (совсем), тым (слишком), ең (самый), орасан, аса (очень), ылғи (исключительно), сәл, сәл-пәл (немного, чуть-чуть), нақ (точно), керемет (необычайно), мүлдем (совершенно), өңкей (сплошь), тіпті (даже), ...</i>
<i>Мақсат үстеулері</i>	<i>Қалай? Неге? Не үшін? Не мақсатпен?</i>	<i>Әдейі (назло), әдейілеп (специально), жорта (намеренно), қасақана (нарочно), көре тұра (видя), біле тұра (зная), ...</i>
<i>Себеп-салдар үстеулері</i>	<i>Қалай? Неге? Не себепті?</i>	<i>Босқа, бекер, бекерге, текке, құр босқа (зря), себепсіз (без причины), шарасыздан (от безысходности), амалсыздан (вынужденно), ...</i>
<i>Топта я бөлу үстеулері</i>	<i>Қаншадан? Нешеден? Қалай-қалай?</i>	<i>Бір-бірден, бір-бірлеп (по одному), екеулеп (по двое), үшеулеп (по трое), рет-ретімен (по порядку), топ-тобымен (по группам), бас-басына (на каждого), аз-аздан (по-немногу), көп-көптен (помногу), ...</i>

№1 жаттығу. Мына үстеулерді екі топқа (негізгі, туынды) бөліп жаз.

Жоғары, төмен, ілгері, кейін, дұрыс, әдейі, қазақша, орысша, алға, артқа, меніңше, сеніңше, жылдам, осында, жақында, күндей, адамша, жазда, қыста, бүгін, ертең, былтыр, биыл, тым, аса, қырынан, соншама, жаздыгүні.

№2 жаттығу. Үстеулерді тауып, олардың жасалу жолдарын көрсет.

1. Ұлпан күні бүгінге дейін ештеңе сезбей келді. 2. Біжікен мұның бірде-біреуін шешесіне ауызба-ауыз айтқан емес, айта алмас та еді. 3. Қас пен көздің арасында жау танкілері орманға сіңіп, жоқ болды. 4. Михаил ағай столға еңкейіп, оймақты бір саусағымен әрлі-берлі дөңгелетіп жатыр. 5. Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сарт тиіседі.

№3 жаттығу. Мына сөздерден үстеу жасап, орыс тіліне аудар.

- 1) Орыс, қазақ, өзбек, сенің, өздерің, ағылшын, неміс, француз, ескі, жаңа;
- 2) Теңіз, құс, апаң, әке, біз, олар, үй, бастық, мақтаншақ, жас;
- 3) Түн, күн, алыс, осы, жаны, қасы, күз, қыс, жаз, көктем;

№4 жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті үстеулердің бірін қойып жаз. Олардың түрін анықта.

... мен театрға барамын. ... керемет концерт болады. Концертке досыммен ... барамын. Эстрада әншілері ... айтады. Джаз ... жақсы ойнайды. Театрда кісі ... болады. Біздің орындарымыз көру үшін біз ... жылжымыз. Концерт бізге ... ұнайды. ... тағы да театрға барғым келеді.

Керекті сөздер: бірге, артта, өте, жақсы, енді, көп, онда, кешке, ілгері, ағылшынша.

№5 жаттығу. Кестені пайдаланып сөйлемдер құрастыр.

Мен Сендер Сіз Біз Студенттер	Ерте, кеш, қазір, ертең, кешке, бүгін, кеше, былтыр, биыл, жаңа ғана (только что), бұрын, әуелі (сначала), күнде, кейде, кейін (после, потом), әрқашан (всегда), ешқашан (никогда),
Балалар Адамдар Жігіттер	Жоғары, төмен, осында, мында, анда, сонда, алға, сыртта, іште, ешқайда (никуда, нигде), артқа, кейін (назад),
Қыздар Менің қаламым Дәптерлер	Әдейі (специально), жақсы, жаман, тез, дұрыс, әрең, дереу, баяу, жылдам, зорға (насилу, еле-еле),
Ойыншықтар Көшелер	Сонша, соншама (так много), көп, аз, бір-бірден, қанша, қаншама, талай (достаточно),

№6 жаттығу. Мәтін ішінен үстеулерді тауып, оларға талдау жаса.

Жаңа жыл.

Жаңа жылды біздің елімізде екі рет тойлайды. Біріншісінде Жаңа жылды қыс ортасында, қатты аязды кезде тойлайды. Бұл уақытта жер ақ қарға жамылады. Ауа райы аязды болады. Көшелерге, алаңдарға, үйлерге шыршалар орнатады. Оларға түрлі түсті ойыншықтар іледі. Жаңа жылды, әсіресе, балалар асыға күтеді. Ойткені олар сыйлықтар алады. Бұл күнді адамдар өз отбасыларында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді. Дастарханға түрлі тағамдар, жеміс, шырын, шараптар қояды. Балалар үлкендермен бірге шыршаны айнала билейді, өлең айтады, ән салады, көңілді демалады. Екіншісін – көктем айының басы, күн мен түннің теңелген күні, наурыздың 22-сінде тойлайды. Наурыз – парсы сөзі, қазақшасы «жаңа жыл». Адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтайды: Ұлыс құтты болсын!

Ақ мол болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Бәле-жала жерге енсін!

Наурыз тойында жақсы киініп, жақын адамдар бір-біріне барып құттықтайды. Бұл күні әр үйдің дастарқанында жеті түрлі тағам болу керек. Солардың ең басы – наурыzkөже. Наурыzkөжені азықтың жеті түрінен жасайды. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына салынатын азық-түлік әр түрлі, бірақ жетіден аспауы не кем болмауы керек: бидай, күріш, тары, ет, тұз, сүт, т.б. наурыз көжеге жақын адамдар жиналып дәмін татады. Наурыз – салт-дәстүрімізді еске алатын күн.

§ 8. Шылау сөздер.

Өз алдына жеке тұрып толық мағынасы болмайтын, сөйлемде сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтын, бірақ басқа сөздерге көмекшілік қызмет атқаратын сөздер **шылау сөздер** деп аталады.

Септеуліктер	Жалғаулықтар	Демеуліктер
Өзінің алдындағы сөздің белгілі бір септікте тұруын қажет ететін шылаулар түрі.	Өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің аралығында келіп, олардың аралығындағы әрқилы қатынастарды білдіретін сөздер.	Өзгермейтін, түрленбейтін, тіркескен сөздеріне біршама әрқилы қосымша мағына үстейтін шылаудың түрі.
Жылда жаз <u>сайын</u> біз отбасымызбен Қазақстанның түкпір-түкпіріне демалуға барамыз.	Жансая <u>мен</u> Еркеназ бір сыныпта оқиды.	Дене күші бітсе де, ойы сапсау. <u>Тек</u> үні әлсіз.

№1 жаттығу. Септеулік шылауларды тауып, олардың қай септікті қажет ететінін анықта.

1. Лейтенант орман шетіндегі зеңбіректер тұрған жерге қарай тұра кеп жүгірді. 2. Төбеден төмен қарай қалықтай құлаған екі-үш жапырақ Фурманов көшесімен жоғары қарай өрлеп келе жатқан менің алдыма келіп түсті. 3. Полк командирі кеткеннен кейін, көп кешікпей, дем ала алмай енгігіп, түсі қашып, рота командирі пулеметшінің қасына жетті. 4. Мақсаттың үйіне қарай булығы жүгірді. 5. Онда Злиқа сияқты жексұрындар бар ғой. 6. Апасы түннен бері қатты мазасызданып, тынышы кетіп жүр.

№2 жаттығу. Жалғаулықтарды тауып, оларды мағынасына қарай топта.

1. Мағаш пен Кәкітай осы тұста бөгеліп қалды да, Әбіш ілгері басты. 2. Абайдың қысылғанын Ділдә сезді, бірақ ол түк өкінген жоқ. 3. Күндіз олар не өзіне жем іздейді, не өзінің басқаға жем болмауын көздейді. 4. Шоқанның Қашқариядан қайтып, Омбыға келген хабары Петербургке де барып жетті. 5. Мына баланың ауылға асығуын-ай. 6. Бір сәт үзіліс істеліп, ақын да, үйдегі үлкендер де сыртқа шықты. 7. Сорлы бала қыстай іш құса болып қалған-ды.

№3 жаттығу. Демеулік шылауларды тауып, оларды мағынасына қарай топта.

1. Бай адамның айналасы осыншама кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен? 2. Мырза келін-ай, сен келдің де, көзіміз ашылды ғой! 3. Ауыл иелері Ақботаның артынан ұзақ қарап қалған-ды. 4. Ұлпан мен Шынар да

бір-екі рет «алтыбақан» теуіп түсті. 5. Сондай да сөз бола ма екен? 6. Табиғаттың өзі-ақ адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрізденеді. 7. Апырау, Баукеңнің атын сататын батырлар бар екен-ау. 8. Өзімді ғана мақта, өзгенің аты өшсін дейді. 9. Скифтер қола дәуірінде өмір сүрген деседі-міс. 10. – Тірі ме, құлыным, жаны бар ма кеудесінде? – деп Тоқбике зар еңіреді.

№4 жаттығу. Септеуліктерді, жалғаулықтарды, демеуліктерді көрсет.

1. Оның әкесі Отан үшін қаза тапты. Әкесі туралы көп әңгіме айтты. 2. Біз ауылға дейін пойызбен барамыз. Пойыз Көкшетау арқылы өтеді. 3. Мен мына кітапты сенен бұрын оқыдым. Сен оны менен кейін оқыдың. 4. Базарда көкөніс пен жеміс-жидек көп. Мен бүгін не қарбыз, не қауын, не алма сатып аламын. 5. Шабдалыны алғым келеді, бірақ алмаймын, өйткені бағасы қымбат. Егер ақшам көп болса алар едім. 6. Менің уақытым жоқ, әсіресе, ертең. Мен емтиханға дайындалып жатырмын ғой. Аз-ақ уақытым қалды. Мен жаңа ғана оқу залынан келдім. Сіз ше? Емтиханға дайындалдыңыз ба?

№5 жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті септеуліктердің, жалғаулықтардың не демеуліктердің бірін қойып жаз.

Мен қазақ тілін былтырдан ... оқып жүрмін. Бүгін бізде кесте ... қазақ тілі сабағы жоқ. Арман ..., Роза ..., Римма ... жақсы оқиды. Салтанат ... Айдана сабаққа бірге дайындалады. Саян сабаққа дайындалмайды, ... ол бала бақшаға барады.

§ 9. Одағай.

*Түрленіп, өзгермейтін, адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін сөздер **одағай** деп аталады. Одағайлар субстантивтеніп, түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы сөйлемнің қалыпты мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы: Аһлап, уһлеп әзер жеттім.*

Оның айтатыны ойпырмай.

Сен ойпырмайыңды қоя тұр.

Терезенің алдынан бәрекелді деген сөз естілді.

№1 жаттығу. Одағайларды тауып, оларды мағынасына қарай топтап жаз.

1. - Ойбай, Мұратжан-ай, әлі бала екенсің ғой, осы құдайдың қысында көшемін дегенің не дегенің? 2. Мына жауынды-ай, - деді Қанатбек тітіркеніп. 3. Па, шіркін, Исатайдай сарбаз тумас! 4. Уа, Махамбет! Сен ер болып тудың да, ханнан теңдік сұрадың. 5. Бәрекелді, өлеңді жақсы айтасың! 6. Құдай-ай, бұл не дегенің? 7. Қасқа, мынаған қарашы. 8. Мәссаған! Ұмытып кетіппін. 9. Апырай, басқадан күтсем де, сенен күтпеген едім. 10. Пай-пай, қандай ғажап! 11. Қап, ертерек айту керек еді. 12. Қарасам, пай-пай, кілем төсегендей екен.

13. Қап, соны күшік кезінде атып тастау керек еді. 14. Шіркін, табиғаттың сұлулығын-ай! 15. Құрау-құрау, - деп атын ертіп, жолға шықты. 16. Сиырды әукім-әукім деп қораға кіргізді. 17. Тәйт, бұл ісің маған ұнамайды. 18. Жә, айтқанымды орында. 19. – Қайран құлындарым-ау, обалдарыңа қалдым-ау! – деп өксіді Берікбол. 20. Алақай, қыстың алғашқы қары да жауды! 21. Әттең, қазір жанымда әпкем болғанда ғой. 22. Гауһар лағын шөре-шөре деп шақырып, ойнады. 23. Қап, соңғы автобус кетіп қалды. 24. Ей, жеңеше! Бейтаныс бір шах біздің Мамедті қолға түсіріп, оның барлық затын, алтынын алып қойды. 25. Әлди-әлди ұйықта, жаным бөбегім. 26. - Ту, Ғұмар, кісінің әңкі-тәңкісін шығардың-ау! 27. – Ойпырмай, мынау не деп тұр? 28. - Әй, шал-ай, қайтесің енді. Туған елін кім ойлап, кім аңсамайды. 29. Майлыаяқ, Майлыаяқ, кәһ-кәһ, - деді, қолына сүйек ұстап есіктен шыққан Мұрат. 30. Шеше-ау, үсіп қала жаздапсыз ғой, түү, пешке, пешке таман отырмасаңыз болмайды екен.

№2 жаттығу. Берілген одағайларды қатыстырып, сөйлемдер құрастыр.

Үлгі: Енді қайттым, ақшамды ұрлатып алдым! – Жә, жылама, табамыз ұрыны!

Жә, алақай, ойбай, масқара, піш-піш, әуп, ойпырмай, шіркін, қап, уһ, қасқа.

№3 жаттығу. Көркем әдебиет шығармаларынан одағайларға 10 мысал келтір. Мысалдардағы одағайлардың түрін анықта.

№4 жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті одағай қойып жаз.

1. ..., домбыраны жақсы тартады екенсің! 2. ..., әрең көтерілдім! 3. ..., Жаңа жыл! 4. ..., баста! 5. ..., сөзді қой! 6. ..., сені кім шақырды? 7. ..., кесені ал! 8. ..., не істеп тұрсың? 9. ..., солай ма? 10. ... бұл кім өзі? 11. ..., мен кешігіп қалдым! 12. ..., қашан адам боласың? 13. ..., енді қайттым? 14. ..., әнді керемет айтады екенсің! 15. ..., қойыңызшы!

№5 жаттығу. Сөйлемдерді толықтыр.

1. Гапу етіңіз, ... ? 2. Рақмет, ... ! 3. Бәрекемді, ... ! 4. Әй, ... ? 5. Сұмдық-ай, ... ! 6. Мә, ... ! 7. Жарайсың, ... ! 8. Жә, ... ! 9. Құрып қалғыр, ... ! 10. Ал, ... ! 11. Алақай, ... ! 12. Қап, ... ! 13. Ойбай, ... ! 14. Кеш жарық, ... ! 15. Әттеген-ай, ... !

№6 жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар, одағайларды көрсет.

1. Боже, кто это? 2. Ура, весна наступила! 3. На, возьми книгу! 4. Bravo, у тебя хороший голос! 5. Надо же, я опоздала на поезд! 6. Эй, иди сюда!

№7 жаттығу. Төмендегі өлеңді оқып, одағайларды тауып, қай мағынада жұмсалып тұрғанын көрсет.

Ертемен айқайлап,
Қайда екен деп ақылдым,
«Ауқау-ауқау», ауқаулап –
Қай төлді мен шақырдым?

Жүрмесін деп қалыс қап,
Қайта-қайта дауыстап,
«Қауыс-қауыс», қауыстап –
Қай төлді мен шақырдым?

Шұңтыңдаған неме деп,
Қойса жақсы келер деп,
«Шөре-шөре», шөрелеп –
Қай төлді мен шақырдым?

Құйрық-жалы суылдап,
Тез жетсін деп суылдап,
«Құрау-құрау», құраулап –
Қай төлді мен шақырдым?

(Әбдікәрім Ахметов)

§ 10. Еліктеу сөздер.

Еліктеу сөздер деп өмірде ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан, соқтығысуынан туатын және жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен пайда болатын дыбыстарға еліктеуден шыққан сөздерді айтамыз. Еліктеу сөздерді іштей 2 салаға бөлеміз:

Еліктеуіш сөздер – есту арқылы пайда болатын ұғымдардың атын білдіретін сөздер;

Бейнелеуіш сөздер – табиғатта кездесетін елес, құбылыстарды адамның көзбен көруінен пайда болатын ұғымдардың аттарын білдіретін сөздер.

№1 жаттығу. Еліктеуіш сөздерді тауып, олардың түрін анықта.

1. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. 2. Колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісілді. 3. Мылтық тарс етті. 4. Дыбыс құлаққа тарс-тарс естілді. 5. Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті. 6. Ол бізге жалт-жалт қарады. 7. Ыңырсып колхозымның төрт түлігі, Ауылдан маң-маң басып өріске өрді. 8. Кенеттен шыққан дауысқа Ботагөз «ә» деуге үлгермей, жүрісін кілт доғарып, жалт қарады. 9. Су түбінде малта тастар жылтырап, су сылдыр-сылдыр етті. 10. Кенет мотордың гүр ете түсіп, «уазиктің» орнынан атқи жөнелгенін жұрт бір-ақ байқап қалды. 11. Маржан құлағына ат тұяғының дүрсілі тарс-тұрс

естілді. 12. Бұлардың сарт-сұрт шайқасына бүкіл орман құлақ түрді. 13. Мұнда ақ сәлдеді араб та, қызылды-жасылды жапон да, тістері маржандай жарқ-жұрқ еткен негр де бар. 14. Қоңыр қаз бір орында шырқ айнала, мойнын созып жіберіп, тағы да былдыр-былдыр ұзын-сонар сөйлеп кетті.

№2 жаттығу. Көп нүктенің орнына еліктеу сөздердің қажеттісін жаз.

1. Қарға ... етті. 2. Есік ... етіп сықырлады. 3. Сәби ... етіп ұйқыға кетті. 4. Жас келіншек ... күлді. 5. Терезе ... етіп жабылды. 6. Түнгі аспанда жұлдыздар ... етеді. 7. Ауылдың сырт жағында Алтыбақан құрып жатқан жастардың ... естіледі. 8. ... киім, қан басқан денесі, жаралы кейпі жан төзерлік емес.

Қажетті сөздер: дабыр-дұбыры, шик-шиқ, пыс-пыс, қарқ, сарт, жалт-жұлт, алба-жұлба, сылқ-сылқ.

№3 жаттығу. Көркем әдебиет шығармаларынан еліктеу сөздерге 10 мысал келтір. Мысалдардағы еліктеу сөздердің түрін анықта.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы, «Атамұра», 2004.
2. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы». Алматы, «Әділет» ЖҚМ, 1998.
3. Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Атамұра», 2006.
4. Ш.К.Бектуров, К.А.Раисова. «Читаем газеты на казахском языке» учебное пособие. Алматы, ТОО «ИД-Эврика», 2003.
5. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» оқу құралы. Алматы, «Білім», 2003.
6. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі». Фонетика. Жалпы білім беретін орыс мектебінің сыныптарына арналған дидактикалық материалдар. Алматы, «Нұрлы әлем», 2004.
7. Н.Оралбай, К.А.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
8. Р.Әдісханова. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
9. М.Ә.Қараев. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
10. К.Сариева. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
11. С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев. «Қазақ тілі». Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык. Алматы, «Ана тілі», 1995.
12. Д.Х.Ақанова, А.М.Алдашева, З.Қ.Ахметжанова, Қ.Қ.Қадашева, Э.Д.Сүлейменова. «Ресми-іскери қазақ тілі». Алматы, «Арман-ПВ», 2002.
13. С.Е.Сарсенова. «Қазақ тілі». Экономика факультетінің жалғастырушы топ студенттеріне арналған оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы, 2005.
14. А.А.Аймуханова. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы». Оқу құралы. Ақтау, 2007.
15. А.С.Бүркітбаева. «Бастауыш топтарға қазақ тілін меңгерту». Педагогикалық мамандықтағы бастауыш топ студенттеріне арналған «Практикалық қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2008.
16. Ш.С.Әбішева. «Сөз таптары». Орыс бөлімдеріне арналған көмекші құрал. Алматы, 2004.
17. Ә.Т.Жеткізгенова. «Жалғастырушы топ студенттеріне өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар жинағы». Әдістемелік көмекші құрал. Алматы, 2008.

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ	3
СӨЗ ТАПТАРЫНА СИПАТТАМА.	
§ 1. Зат есім	4-7
§ 2. Көмекші есімдер	7-8
§ 3. Сын есім. Сын есімнің шырайлары	8-12
§ 4. Сан есім	13-19
§ 5. Есімдік	19-22
§ 6.1. Етістік	22-24
§ 6.2. Етіс категориясы	25-28
§ 6.3. Көсемше	28-29
§ 6.4. Есімше	30-31
§ 6.5. Етістіктің шақ категориясы	32-35
§ 6.6. Етістіктің рай категориясы	35-38
§ 7. Үстеу	28-41
§ 8. Шылау сөздер	42-43
§ 9. Одағай	43-45
§ 10. Еліктеу сөздер	45-46
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	47